**Перспективалық жоспар 2020-2021 оқу жылы**
**Ортаңғы «Балдырған» топ**
**Қыркүйек айы**
**Апталық тақырыбы :Менің балабақшам**

**Мақсаты:** Балалардың бойында балабақша туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін ой өрістерін кеңейте отырып бірлескен әрекетке қызығушылықтарын дамыту.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып:Балабақша(Қыркүйек) | 1.апта Менің балабақшам | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас -2**<br>(Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«**Дене шынықтыру залымен таныстыру»<br>**Мақсаты**: Балаларға балабақша туралы терең түсінік беру. Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды үйрету: шағын топпен тұру, нұсқаушының соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:«Дене шынықтыру залында ойнаймыз»<br>**Мақсаты**.Шағын топпен тұру, педагогтің соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру, жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру.<br><br>**3.Дене шынықтыру** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Балабақша екінші үйіміз» *(тәрбиеші, күтуші туралы)*<br>**Мақсаты**.Балабақшада еңбек ететін адамдардың мамандықтарымен таныстыру.Балабақшаның балалары көп нәрселерге үйрететінін және жақсылыққа тәрбиелейтін орын екенін түсіндіру. Балабақшада еңбек ететін адамдардың еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу.Балаларды мейірімді болуға баулу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Е. Ашықбаев «Балабақша»**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды өлеңді тыңдауға, мәнерлеп айтуға үйрету. | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:** «Балабақша екінші үйім»<br>**Мақсаты**: Балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру.неше ұғымымен таныстыру.төртбұрыш,үш бұрыш пішіндерін бақылау.биік-аласа көлемдерін ажырату.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**: «Топқа саяхат».<br>**Мақсаты**.Балабақшаның топ бөлмесіндегі жабдықтармен ( жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқтар) таныстыру, олардың неге арналғанда рын түсіндіру, Заттардың белгілері мен пайдалану, жасалған материалдарының сапасы мен ерекшелігін өздіктерінен анықтап, заттарды үйлесіміне қарай сипаттай білуге үйрету. Заттардың адам өміріндегі | **1.Жапсыру**<br>**Тақырыбы**:Достарыма арналған үй.<br>**Мақсаты**:қоршаған орта және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту,балаларды қайшымен жұмыс істеуге үйрету,техникалық қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру,төртбұрыш,шаршылармен үйдің қабырғасын,үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Қайырымдылыққа тәрбиелеу<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**3.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:«Түрлі-түсті қарындаш»**<br>**Мақсаты**.Балаларды | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**<br>**Менің сүйікті балабақшам»**<br>**Мақсаты:**<br>Балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту, өзінің балабақша ұжымының мүше-сі екенін санасына сіңіру, достық қарым - қатынас сезімдеріне тәрбиелеу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тақырыбы**.«Денсаулық бекетіне саяхат»<br>Мақсаты: Балабақшаның екінші ортақ үйіміз екенін терең меңгерту. Тепе-теңдікті сақтай отырып, екі сызықтың арасымен жүруді үйрету; шағын топпен жүріге және жүгіруге дағдыландыру; бірлескен әрекет кезінде жолдастарымен жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу; жаттығулар жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. | | маңызы туралы көзқарастарын кеңейту. Балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен карауға баулу. Әр заттың өзі адамның еңбегімен жасалғанын түсіндіріп, оларды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу | түзу сызықтарды жоғарыдан төмен бағытында жүргізуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | |

**Қыркүйек айы 2-апта**

**Апталық тақырыбы: Менің сүйікті ойыншықтарым**

Мақсаты: Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыруға, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға және оларға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Балабақша** | **(Қыркүйек) 2.апта Менің** | **Денсаулық-3**<br>**Дене шынықтыру(3сағат )** | **Қатынас-2**<br>**Сөйлеуді дамыту(1 )**<br>**Көркем әдебиет(0,5)**<br>**Орыс тілі(0,5)** | **Таным-2,5**<br>**Математика негіздері(1с.)**<br>**Жаратылыстану(1с.**<br>**Құрастыру(0,5)** | **Шығармашылық-3**<br>**Сурет салу(1с.)**<br>**Музыка(1,5)**<br>**Мүсіндеу (0,25)**<br>**Жапсыру(0,25)** | **Әлеумет-0,5**<br>**Қоршаған ортамен танысу(0,25)** |
| | | **Дене шынықтыру**<br>**1.Тақырыбы:«Доппен танысамыз»**<br>**Мақсаты**: Балаларға заттар (ойыншықтар) туралы терең түсінік беру. Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге, аяқ алшақ) үйрету. Шағын топпен бір- біріне кедергі жасамай жүгіру; саптан шықпай, бағытты сақтай жүру; аяқты тізеден сәл бүгіп секіріп, аяқты алшақ, бірге ұстау дағдыларын бекіту. Музыканың басталуын сезініп, музыкаға сәйкес жүруге баулу.<br><br>**2. Дене** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Бізге қонаққа қуыршақтар келді»<br>**Мақсаты:**Түрлі қуыршақтар туралы қысқа сипаттау мәтінін құрастыруға үйретуді жалғастыру. Заттардың белгілерін атауға үйрету (үлкен, кішкентай қуыршақ, әдемі, сәнді көйлек, жағасы ақ). Артикуляциялық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Бір-біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы**:«Қуыршақтарды оятамыз»<br>**Мақсаты:**Қанша? сұрағын түсінуге үйрету, бір-көп ұғымдарымен таныстыру.Осы ұғымды сөйлеу барысында қолдану.Таныс заттарды (қуыршақтарды) санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету.Айналасындағы бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қуыршақ бізге қонаққа келді»**<br>**Мақсаты**.Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп, | **1. Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** «Сылдырмақ»<br>Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік қорын байыту, сурет сала білуге үйрету, көркемдік талғамын дамыту.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **шынықтыру<br>Тақырыбы:«Ойын шық толы сандық»<br>Мақсаты**: Заттық әлемге саяхат жасау арқылы заттық түсініктерін кеңейту. Қос аяқпен секіру(аяқ бірге- аяқ алшақ); бір- біріне допты домалатуды үйрету. Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіру (аяқ бірге- аяқ алшақ) дағдыларын бекіту.Музыканың басталуын сезіну, музыкаға сәйкес жүру.<br>**3.Дене шынықтыру<br>Тақырыбы.<br>«Менің көңілді добым»<br>Мақсаты:**<br>Балалардың заттық әлем туралы түсініктерін бекіту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру**.** | **2.Орыс тілі (**пән мұғалімінің жоспары бойынша) | әңгімелеп айтып беруге үйрету. Балалардың мінез-құлқына қарапайым әдеп ережелерін (ойыншықтармен бөлісу) бекіту. Ойын барысындаойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу. Балалар әрекетінде этикеттің қарапайым ережелерін бекіту.<br><br>**3.Құрастыру<br>Тақырыбы:** Пирамида құрастыру (үшбұрыш)<br><br>**Мақсаты**: Балаларға пирамида жайлы түсінік беру, үшбұрышпен таныстыру пішіннен пирамида құрап үйрету.<br>Балалардың ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. | | |

**Қыркүйек айы 3-апта**

**Апталық тақырыбы** : «Біздің табиғат бұрышымыз»

**Мақсаты**: Балалардың табиғат бұрышының мазмұны мен әсемдігі туралы түсініктерін қалыптастыру

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Балабақша(Қыркүйек)** | **3.апта Біздің табиғат бұрышымыз.** | **Денсаулық**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас.**<br>(Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным**<br>**Математка негіздері**(1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Менің тобыма саяхат»<br>**Мақсаты**: Балаларға балабақша туралы терең түсінік беру. Бір орыннан тұрып қос аяқпен «доптарша» секіруге үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еденге (жерге) жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Саптізбекке тұруға жаттықтыру. Мойын, иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту. Қимылды көңілді, пысық, ширақ балапандарды бейнелей білуге талпындыру. Белгіге көңіл аудару, сезіне білуге дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.**«Менің балабақшам»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларғабалабақша | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Біздің топ» (тілдің дыбыстық мәдениеті)<br>**Мақсаты:**Балаларды балабақша тіршілігімен,топтарымен таныстыруды жалғастыру.Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Балалардың зейіндерін және білуге деген құштарлықтарын арттыру.Балабақшадағы достарына деген қамқорлық ,достық сезімдерін ояту.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «**Жемістер жыры» (өлең) Роза Қонақова<br>**Мақсаты:** Жемістерді таныстыру, жеміс пен көкөністің айырмашылығын ажырата білу, жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы түсініктерін дамыту. Балаларды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы**:«Ғажап топ»<br>**Мақсаты:** Кеш-тәулік бөлігімен таныстыруды жалғастыру; тәулік бөлігін ажырата білулерін қалыптастыру. Кеш-тәулік бөлігімен таныстыруды жалғастыру; үлкен-кіші түсініктерін бекіту; заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру қабілетін пысықтау; бір қайда; көп зат қайда тұрғанын ажырата білуге үйрету<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**: «Серуен бізге не үшін қажет?»<br>Балаларға серуенге шығар алдында өмір қауіпсіздік ережелерін еске түсіру. Серуендеуде мінез-құлық қауіпсіздік негіздерімен таныстыру (ересектерден алыстап кетпеуге, ересектердің рұқсатынсыз өткір, белгісіз, заттарды қолдануға, отпен ойнамау басқада өзінің | 1.**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**: «Күн мен бұлт»<br>**Мақсаты:** мүсіндеу жұмысында қолданылатын материалдармен, құралдармен таныстыру. Мүсіндеудің негізгі тәсілдерімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.<br><br>**2. Сурет салу**<br>**Тақырыбы**:«Қуыршаққа арналған сақина»<br>**Мақсаты.**Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету. Екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін, ой – қиялын дамыту.<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**<br>«Табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарлар»<br>**Мақсаты:** Табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, қоян), өсімдіктер туралы түсінік беру.<br>Білімділік міндеттері:<br>Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | туралы терең түсінік беру. Бір орыннан тұрып қос аяқпен «доптарша» секіруге үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еденге (жерге) жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Саптізбекке тұруға жаттықтыру. Мойын, иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту. Қимылды көңілді, пысық, ширақ балапандарды бейнелей білуге талпындыру. Белгіге көңіл аудару, сезіне білуге дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**:«Менің балабақшам»<br>**Мақсаты**: Балалардың балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Шашырай жүру мен жүгіруге үйрету жұмысын жалғастыру. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу дағдыларын дамыту, тақтай үстімен еңбектеуге жаттықтыру. | | денсаулығына зиян келтіретін қауіпсіздік ережелерін сақтау) | | |

**Қыркүйек айы 4-апта**

**Апталық тақырыбы:** «Балабақшадағы үлкендер еңбегі»

**Мақсаты:** Балабақшадағы қызметкерлер еңбегімен таныстыру,сурет арқылы ересектер еңбектерін әңгімелеу,олардың қызметтері,іс-әрекеттері туралы түсінік беру.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып:Балабақша (Қыркүйек) | 4.апта Балабақшадағы үлкендер еңбегі | **Денсаулық**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Аяқты нық басайық, жаттығуды жасайық»<br>**Мақсаты**:Қос аяқпен секіруді (аяқ бірге- аяқ алшақ) үйрету. Саптізбекке бір- бірден тұру; секіру (аяқ бірге- аяқ алшақ) қимылдарын бекіту. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы.«Менің тобыма саяхат»<br>Мақсаты:Балаларға балабақша туралы терең түсінік беру. Бір орыннан тұрып қос аяқпен «доптарша» секіруге үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еденге (жерге) жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Саптізбекке тұруға жаттықтыру. Мойын, иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту. Қимылды көңілді, пысық, | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>1.Балабақшадағы үлкендердің еңбегі<br>**Мақсаты**:Балаларды балабақзша қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру.Педагогтің сұрақтарына жауап беріп,диалогтік сөйлеуге дағдыландыру.<br><br>**2.Орыс тілі (**пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>. | **1.Математика негіздері**<br>1.Тақырыбы: «Еңбекті бағалау»<br>**Мақсаты**: Суретте және өзіне тікелей жақын кеңістікте орналастыру бағытын ажырату мен атап көрсету (биік-аласа) Кеңістіктегі бағыттарын анықтап үйрету (биік-аласа); таныс заттарды санына қарай салыстыруды жалғастыру<br>**2.Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Ересектердің ас үйдегі еңбегін бақылау"<br>**Мақсат**ы Асүйдегі көмекші заттар туралы түсінік беру. Әртүрлі мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы**: “Күзгі ағаш”<br>**Мақсаты**:Бұтақтардан күзгі ағаш құрастыру іскерліктерін қалыптастыру. | **1. Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** "Тәрелкені әшекейлеу"<br>**Мақсаты**:Балаларды шеңбер өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшіснің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшіснің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ширақ балапандарды бейнелей білуге талпындыру. Белгіге көңіл аудару, сезіне білуге дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Менің балабақшам»**<br>**Мақсаты:**Балаларғабалабақша туралы терең түсінік беру. Бір орыннан тұрып қос аяқпен «доптарша» секіруге үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еденге (жерге) жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Саптізбекке тұруға жаттықтыру. Мойын, иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту. Қимылды көңілді, пысық, ширақ балапандарды бейнелей білуге талпындыру. Белгіге көңіл аудару, сезіне білуге дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау. | | | | |

**Қазан айы1 апта**

**Апталық тақырыбы :** «Менің отбасым»

**Мақсаты:** «Отбасы» мағынасын түсіндіру,отбасы мүшелері туралы түсінік беру, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу**.**

<table>
<tr>
<td rowspan="2">Өтпелі тақырып:Менің отбасым (Қазан)</td>
<td rowspan="2">1.апта Менің отбасым</td>
<td>Денсаулық<br>Дене шынықтыру(3сағат)</td>
<td>Қатынас<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5)</td>
<td>Таным<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5)</td>
<td>Шығармашылық<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25)</td>
<td>Әлеумет<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25)</td>
</tr>
<tr>
<td>1.Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Алаңқайда ойнаймыз»<br>Мақсаты: Отбасы, отбасы мүшелері туралы терең түсінік беру. Бір- біріне допты домалатуды үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін, ұсақ сезім мүшелерін дамыту.<br>2. Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:«Отбасымен таңертеңгі жаттығу біз жасаймыз»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін санай отырып,саптізбекте саналуға үйрету. Бір- біріне допты домалату; тура бағытта төрттағандап еңбектеуді үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін; қимыл үйлесімділігін дамыту. Тура жолмен жүру және жүгіру. Шектелген алаң бойы жүруде тепе- теңдік сақтау қалпын бекіту. Төрттағандап еңбектеу кезінде, еңбектеуде қол мен</td>
<td>1.Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Әкем, шешем және мен тату-тәтті отбасы»<br>Мақсаты Балаларға ата-аналары, туыстары жайында сурет көрсетіп әңгімелеу арқылы Отбасы мағынасын түсіндіру, әке мен шешенің отбасындағы ролі туралы мағлұмат беру.Отбасы туралы ұғымдарын тереңдете түсу үшін әке-шешесі қайда, не істейтіні, мамандығы, олардың еңбегінің маңызы, оған өзінің қатынасы жөнінде айтып беруге үйрету.Үлкендерге құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын қадірлеуге тәрбиелеу.<br>2.Көркем әдебиет<br>Тақырыбы:«Менің мейірімді отбасым».<br>Мақсаты: Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасы мүшелерін,туысқандарын айта білуге үйрету. Отбасындағы өздерінің орны туралы түсінік беру,есте сақтау қабілеттерін арттыру, әдептілік ережелеріне</td>
<td>1.Математика негіздері.<br>Тақырыбы: «Біздің үй ішіміз»<br>Мақсаты:Жанұя туралы білімдерін тиянақтай отырып,қанша ұғымымен таныстыру.төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерін бақылау,үлкен-кіші көлемдерін ажырату<br>2.Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Қуыршақты серуенге киіндіреміз»<br>Мақсаты Адамдар мен табиғат арасындағы өзгерістерді сәйкестендіре білуге үйрету, маусымдық өзгерістердің адамдардың киім кию үлгісіне әсерін түсіндіру,маусымдық өзгерістерге байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету.</td>
<td>1. Сурет салу<br>Тақырыбы: «Саты»<br>Мақсаты Балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Жануарларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>2.Жапсыру<br>Тақырыбы: «Менің үйім»<br>Мақсаты: Балаларды пішіндермен (үшбұрыш, төртбұрыш) таныстыру. Мақсаты Үйді геометриялық пішіндерден құрастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларды қамқор және</td>
<td>1.Қоршаған ортамен танысу.<br>Тақырыбы:Менің отбасым<br>Мақсаты:Білімділік : Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы, мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету.Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге, басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, түсіне білуге ынталандыру. Отбасы мүшелеріне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аяқтың қимылдарын үйлестіре білуді, ұсақ сезім мүшелерін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Қуыршақ бізде қонақта»**<br>**Мақсаты:** Отбасынынң татулығы туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру. | баулу.Отбасы мүшелерінүш тілде меңгерту. Отбасындағы сыйластыққа баулу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуді үйрету. | | жаңашыр болуға тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшінің жоспары бойынша) | |

**Қазан айы 2 апта**

**Апталық тақырыбы:** «Менің көшем»

**Мақсаты:** Балаларға өздері тұратын ауылы, көшесі туралы білімдерін нығайту, өз көшесін, ауласын таза ұстауға тәрбиелеу

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| (Қазан) Өтпелі:Менің отбасым | 2.апта Менің көшем | **Денсаулық**<br>**Дене шынықтыру(3сағат)** | **Қатынас**<br>**Сөйлеуді дамыту(1 )**<br>**Көркем әдебиет(0,5)**<br>**Орыс тілі(0,5)** | **Таным**<br>**Математика негіздері (1с.)**<br>**Жаратылыстану(1с.)**<br>**Құрастыру(0,5)** | **Шығармашылық**<br>**Сурет салу(1с.)**<br>**Музыка(1,5)**<br>**Мүсіндеу (0,25)**<br>**Жапсыру(0,25)** | **Әлеумет**<br>**Қоршаған ортамен танысу(0,25)** |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы«Біз дене шынықтыруды жақсы көреміз»**<br>**Мақсаты:**Отбасы, отбасы мүшелері туралы терең түсінік беру.Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру; бытырап, бір- біріне соқтығыспай, заттарды айнала жүру.Басты дұрыс ұстап, табанға толық басып жүру. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру, текшенің үстінде тепе- теңдік сақтап тұру( «*тиін* бұтаққа секірді » - текше, орындық ұстіне шығып, шектеулі алаңда тепе- теңдік сақтау). Заттардың арасынан «ирелеңдеп» жүру. Екі аяқпен бір мезгілде серпіле қос аяқтап алға жылжи секіру және жерге жеңіл, аяқтың ұшымен қонуға үйрету. Қимылды белгілі тәсілмен, белгіленген бағытта нұсқау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу. Музыкаға деген әсерленушілік сезімін | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Отбасылық фото альбом» (бас бармағым анам, саусаққа арналған жаттығулар)**<br>**Мақсаты**:Өзінің отбасы туралы әңгіме құрастыруға үйрету.Тілде сын есімдерді (мейірімді, тату), етістіктерді (қамқорлық жасау, жұмыс істейді, көмектеседі) дұрыс қолдана білуді үйрету.Өз отбасы жайлы әңгімелеу барысында сөздік қорларын дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру, «г», «п», дыбыстарының айтылуын бекіту.Балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**2.Орыс тілі**<br>**(**пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Сәулетті үй»**<br>**Мақсаты:** Тәулік бөлігі- түнмен таныстыру, өлең мәтінінде тәуліктің қай мезгілі айтылғанын ажырата білуге үйрету.Тәулік бөлігі түнмен таныстыруды жалғастыру, заттаржиынтығын салыстыруды, бір зат қайда, көп зат қайда тұрғанын ажыратуды үйрету;<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: "Менің туған күнім"**<br>**Мақсаты:** Отбасылық мереке жайлы әңгімелей отырып,әр адамның туған күні болатыны жайлы түсінік беру.Туған күн иелерін құттықтап,игі тілектерді жолдауға тәрбиелеу.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қақпа» (биік-аласа)**<br>**Мақсаты** Балаларға | 1**. Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: "Алжапқышты әшекейлейміз"**<br>**Мақсаты** Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою-өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілепәшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **2**.**Дене шынықтыру Тақырыбы.«Жаттығамыз - шынығамыз!»**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін санай отырып, саптізбекте саналуға үйрету. Тоқтап  және тапсырманы орындай жүгіру, текшенің үстінде тепе- теңдік<br>ұстіне шығып, шектеулі алаңда тепе- теңдік сақтау). Қос  аяқпен алға жылжи секіруді; қойылған заттардың арасымен «ирелеңдеп» еңбектеуге үйрету. Қимылды белгілі тәсілмен, белгіленген бағытта  нұскау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу.Жеңіл секіруге жаттықтыру.  Музыкаға деген әсерленушілік сезімін бекіту. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.<br>**3**. **Дене шынықтыру Тақырыбы.«Тәні саудың жаны сау»**<br>**Мақсаты:** Отбасының татулығы туралы әңгімету арқылы түсініктерін кеңейту. Отбасының татулығы туралы әңгімету арқылы түсініктерін кеңейту.Шеңбер бойымен қол ұстаспай жүру мен жүгіруді үйрету; ұжымды тату  ойнай білуге тәрбиелеу; қолды еденге тигізбей, арқан астынан | | бөлшектерді қою және орналастыру әдістерін пайдаланып, қажетті материалдарды таңдай білуін бекіту.Бір бөлшекті екіншісімен алмастыру арқылы биік, аласа қақпаларды құрастыруға дағдыландыру.Бір-біріне кедерші келтірмей жұмыс жасауға тәрбиелеу. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өту, тақтай үстімен жүргенде тепе теңдікті сақтау дағдыларын дамыту. | | | | |

**Қазан айы 3 апта**

**Апталық тақырыбы :** «Мамандықтың бәрі жақсы»

**Мақсаты:**Балаларға мамандықтар туралы түсінік беру, әр мамандықтың өзінің қиындығы туралы түсінік беру, болашақта мамндық таңдауға қызығушылығын арттыру.

| Өтпелі тақырып:Менің отбасым(Қазан) | 3.апта Мамандықтың бәрі жақсы | **Денсаулық**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Біз ұшқыштар»**<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелері, мамандық иелері туралы терең түсінік беру. Біртіндеп доғаға тимей үш доғаның астынан еңбектеп өтуге үйрету. Ұсақ сезім (моторика) мүшелерін дамыту. Ырғақты қабылдау қабілеттерінің дамуына ықпал ету. Қимыл-қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік қабілеттерін дамыту.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.«Поездбен саяхат»**<br>**Мақсаты:** Саяхат жасау арқылы мамандық иелері туралы түсініктерін молайту. Бір- біріне соқтығыспай, бытырап жүгіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе-теңдік сақтай жүруді бекіту. Барлық топпен қатарға тұру. Қимыл-қозғалыс сапасын, ептілік, шапшаңдық, икемділік | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы:<br>«Көліктің бізге көмегі»( мамандық -жүргізуші, ұшқыш ,машинист) ойыншықтар бойынша суреттеу<br>Мақсаты Балаларға көліктер туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға үйрету,сурет бойынша әңгімелей білуге, ойыншықтар бойынша сипаттай білуге үйрету. Жүргізуші, ұшқыш, машинист мамандықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорларын толықтыру.Ойыншық көлік түрлерін мұқият, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>**”Мамандықтың бәрі жақсы”**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды мамандық түрлерімен таныстыру.Ойлау қабілетін дамыта отырып,болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп, қызығушылықтарын | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Кім болам»**<br>**Мақсаты:** Көлемі мен ұзындығы жағынан бір-біріне қарама-қарсы екі затты салыстыру: үлкен-кіші, ұзын-қысқа; сезім қозғалыс түйсіктері арқылы балалардың зейінін дамытуды жалғастыру.<br>Ұзындығы жағынан бір-біріне қарама-қарсы заттарды салыстыруға үйрету; ұзын-қысқа; геометриялық фигуралармен таныстыруды жалғастыру: шеңбер, үшбұрыш.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:«Кім боламын?»**<br>**Мақсаты**.Мамандықтар туралы түсінік беру,әр түрлі мамандықтармен таныстыру.Есту зейінін жетілдіру,сөйлеуді нақышымен айқын сөйлеу,заттың атынан әрекеттер жасай білуге үйрету,қоршаған орта | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы:"Қолғаптағы оюлар"**<br>**Мақсаты** :"Штамптау" немесе саусақпен ұсақ бөлшектерді сала білу икемділігін бекіту.<br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**<br>«Пирамида».<br>**Мақсаты:** Пирамида ойыншығы туралы түсініктерін кеңейту; бөліктерді біріктіре отырып, бейне құрастыру дағдыларын дамыту;ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br><br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшінің жоспары бойынша) | 1.**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы .**Нан қалай піседі.<br>**Мақсаты**.<br>Нанның қалай пайда дайындалатыны туралы түсінік беру.Нанд қастерлеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қабілеттерін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.«Алдаркөсе циркте»**<br>**Мақсаты:** Балалардың мамандық туралы түсініктерін бекіту. Бүкіл заңды айналып жүру мен жүгіруді үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, тыныс алу, орындықтан секіру, допты түзу бағытта домалату жаттығуларын орындау дағдыларын арттыру. | арттыру.Еңбекке құштарлықтарын оятып,үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.Тіл байлықтарын дамытып,әңгіме құрастыруға үйрету. | нысандарына деген танымдық қызығушылықты дамыту,адам еңбегінің қарапайым заңдылықтары мен тәуелділіктері туралы түсінуге,еңбектің қошаған өмірдегі мағынасын түсінуге үйрету | | |

**Қазан айы 4апта**

**Апталық тақырыбы: «Алтын күз»**

**Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілінің айырмашылығын мен зор байлықтары туралы түсіндіру, күз айларының халыққа молшылық алып келіп қуаныш сыйлайтынын жеткізу,табиғатты аялауға тәрбиелеу.

| | | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным2,5**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру(0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,5) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып:Менің отбасым (Қазан) | 4.апта Алтын күз | **1Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Орман соқпағымен»**<br>**Мақсаты:**Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. Шеңбер құру, шеңбер бойы жүру және жүгіруге жаттықтыру. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылды жай, шапшаң, ырғақты орындау қабілетін дамыту.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.«Алма бағы»**<br>**Мақсаты**:Күз мезгілі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Күз келді» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты** Педагогтің көмегімен табиғат көріністерін сипаттау бойынша қысқа әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру.Қимыл-әрекетті білдіретін етістіктерді дұрыс таңдап, оларды қолдана білуді үйрету.Балаларға жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын молайту.Табиғатты аялауға,<br>**2.Орыс тілі**<br>**(**Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Күзгі бақшада»**<br>**Мақсаты**: Заттардың көлемі, пішіні,түсі бойынша әртүлі болатынын түсіндіру. «Бір» және «көп» ұғымын бекіту. Ойыншықтарды оң қолымен солдан оң жаққа орналастыру<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Көкөністер» (оқу)**<br>**Мақсаты:**Көкөністер туралы білімдерін тиянақтау. Күз айындағы адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Аспазшыға гүл жасап,сыйлаймыз(қағаз дан құрастыру)**<br>**Мақсаты:**Балалардың шығармашылығын дамыта отырып, қағаздан гүл жасауға үйрету және | **1 Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: «Аюға арналған жидектер мен алмалар»**<br>**Мақсаты**:Аюға арналған әшекей (жидек, алма) салуға қызығушылықтарын арттыру, бояумен сурет салу дағдыларын бекіту. Қағаз бетіне езілген бояуды жүргізу арқылы толық бояуға қызықтыру.<br><br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ырғағына сәйкес қимылды жай, шапшаң, ырғақты орындау қабілетін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру Тақырыбы. «Күзгі жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Ойын арқылы балаларға күз мезгілінің құбылыстарымен таныстыру.Бір қатармен сапқа тұруды үйрету, дене шынықтырумен үзбей шұғылдануға тәрбиелеу; арқаннан аттап, ауыспалы қадаммен жүру, шашырай жүгіру, допты арқаннан асырып лақтыру, қолдарын еденге тигізбей, арқан астынан өту дағдыларын дамыту. | | бастаған жұмыстарын ұқыпты аяқтай білуге дағдыландыру;тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу;ойлау қабілеттерін дамыту. | | |

**Қараша айы 1 апта**

**Апталық тақырыбы:** «Пайдалы көкөністер»

**Мақсаты:** Күз, табиғат құбылыстары, көкөністер жайлы түсінік беру оларды жемістерден ажырата білуге үйрету

| Өтпелі тақырып:Дені саудың жаны сау (Қараша) | 1.апта Пайдалы көкөністер | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Денсаулық күні»<br>**Мақсаты** :Аяқты алға созып, аяқты ұшына, өкшеге қоя жүруге жаттықтыру. Баяу қарқында жүгіру (40 секунд). Еденнен бір шеті 20 см биіктікке көтерілген көлбеу тақтай үстімен жүру. Шектелген алаң бойы тепе- теңдік сақтап, тура алға қарап, денені түзу ұстап жүруге; орында тұрып қосарланып қос аяқпен жеңіл секіруге және қимылды жұбымен келісе орындауды үйрету. Сапқа тұру, көрнекі бағыт бойынша шеңбер құру.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.Біз спортты жақсы көреміз»**<br>**Мақсаты:** Аяқты алға созып, аяқты ұшына, өкшеге қоя жүруге жаттықтыру. Баяу қарқында жүгіру (40 секунд). Орында тұрып, қосарланып қос аяқпен жеңіл секіруге және қимылды жұбымен келісе орындауға баулу. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:Көкөністерден көже жасау (дидак-қ ойын)<br>**Мақсаты**:Демонстрациялық әрекеттер бойынша әңгіме құрастыруды жалғастыру(сөздерді қолдану:тазалау,жуу,турау,қайнату) ,жеке сөздерді айтуға ынталандыру.Балаларды ыдыс-аяқ атаулары бойынша сөздік қорларын молайтып,байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру, «ш» дыбысын айтуға үйрету. Ыдыс-аяқты ұқыпты ұстауға,аспазшылардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: М.Зайытовтың «Ағаштар»әңгімесі**<br>**Мақсаты:**шағын әдеби шығарманы тыңдап,мазмұнын айта білуге үйрету,табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу,танымдық қызығушылықтарын арттыру. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ыдыстағы жемістер»**<br>**Мақсаты:** Жемістерді бақылата отырып қанша-сонша ұғымымен таныстыру,дөңгелек,сопақша пішіндерін таныстыру,улкен-кіші көлемдерін ажырату.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Жомарт күз"**<br>**Мақсаты:**Күз, табиғат құбылыстары, көкөністер мен жеміс-жидектер жайлы, олардың өсетін жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатқа қамқор қарым-қатынасты тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр»**<br>**Мақсаты**:Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету.Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы жаңбырдың суретін салуға үйрету.Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** «Ыдыстағы жеміс-жидектер ».<br>**Мақсаты:**жеміс-жидектер туралы түсініктерін нақтылау;ыдысқа жеміс-жидектерді дұрыс орналастыра білуді үйрету;ұқыпты жұмыс істеуге,жұмысты мұқият орындауға тәрбиелеу.<br>**3.Музыка**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Жеміс бағына саяхат<br>**Мақсаты:**Балаларға күз сыйлары туралы түсініктерін қалыптастыру;жемістер туралы білімдерін бекіту,көру арқылы заттардың пішінін анықтауды үйрету,табиғатқа деген мейірімділікті тірбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Допты алға қарай домалатып, доптың соңынан еңбектеуге үйрету. Еденнен бір шеті 20 см биіктікке көтерілген көлбеу тақтай үстімен жүру. Шектелген алаң бойы тепе-теңдік сақтап, тура алға қарап, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру. Сапқа тұру, көрнекі бағыт бойынша шеңбер құру.<br>**3.Дене шынықтыру Тақырыбы.«Көңілді сайқымазақ»**<br>**Мақсаты**: Балаларға нұсқаушының белгісіне тоқтай отырып, жүру мен жүгіруді үйрету; бір біріне көмектесуге, мейірімділікке тәрбиелеу; қолдарын еденге тигізбей арқан астынан өту, тақтай үстімен жүргенде денелерін түзу ұстау дағдыларын дамыту. | | | | |

**Қараша айы 2 апта**

**Апталық тақырыбы:** «Жеміс бағында»

**Мақсаты:** Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру,жемістерді ажырата білулерін үйрету.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып дені саудың жаны сау(Қараша) | 2.апта Жеміс бағында | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Апликация(0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы«Алма бағы»**<br>**Мақсаты:**Күз мезгілі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылды жай, шапшаң, ырғақты орындау қабілетін дамыту<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы.«Тәні саудың жаны сау»**<br>**Мақсаты**:Денсаулық туралы әңгімелету арқылы түсініктерін кеңейту..Шеңбер бойымен қол ұстаспай жүру мен жүгіруді үйрету; ұжымды тату ойнай білуге тәрбиелеу; қолды еденге тигізбей, арқан астынан өту, тақтай үстімен жүргенде тепе теңдікті сақтау дағдыларын дамыту. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы**:«Жемістер бағына саяхат»<br>**Мақсаты:** жемістерді таныстыра отырып, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға дағдыландыру; сөйлеу тілінде бірыңғай мүшелерді дұрыс айтып беруге тәрбилеу; жемістер туралы ұғымдарын кеңейту;<br><br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Сол жақта – оң жақта.Заттарды сәйкестендіру.Дөңгелек.<br>**Мақсаты:**Сол жақта-оң жақта кеңістік түсініктерін қалыптастыру,өзінен тікелей бағыттағы кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Бақшаға біз барамыз,жемістерді аламыз аламыз<br>**Мақсаты:**Жемістер,олардың өсетін жері туралы балалардың түсініктерін байыту;сипап ,көріп жемістерді сипаттауды үйрету,жеміс сөзін жалпылама түрде қолдануды үйрету,байланыстыра сөйлеу және көріп есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**Тәтті торт(қалдық және табиғи материалдармен жұмыс) | **1. Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Жемістер<br>**Мақсаты:**Дөңгелек және сопақша заттарды салудағы қол икемділіктерін арттыру<br><br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | . |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.«Әжемнің бақшасына»**<br>**Мақсаты:** Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін молайту. Еңбектеу ке тепе-теңдікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл- қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін дамыту. | | **Мақсаты:**тастанды заттардан тортты безендіре отырып,материалдарды дұрыс қолдану ,пішінінен келтіріп, құрастыруды үйрету;тазалыққа ,ұқыптылыққа тәрбиелеу;қызығушылықтарын дамыту. | | |

**Қараша айы 3 апта**

**Апталық тақырыбы :** «Өзім туралы», «Менің көмекшілерім»

**Мақсаты:** топтағы балаларды атымен атауды «ұл,қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту,адамдармен қарым –қатынасқа түсу арқылы өзін тұлға ретінде сезіну **.**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып: Дені саудың жаны сау(Қараша) | 3.апта Өзім туралы.Менің көмекшілерім | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Жаттығамыз-шынығамыз!»** .<br>**Мақсаты:**Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру; бытырап, бір- біріне соқтығыспай, заттарды айнала жүру.Басты дұрыс ұстап, табанға толық басып жүру. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру, текшенің үстінде тепе- теңдік сақтап тұру ( «*тиін* бұтаққа секірді » - текше, орындық ұстіне шығып, шектеулі алаңда тепе-теңдік сақтау). Заттардың арасынан «ирелеңдеп» жүру. Екі аяқпен бір мезгілде серпіле қос аяқтап алға жылжи секіру және жерге жеңіл, аяқтың ұшымен қонуға үйрету. Қимылды белгілі тәсілмен, белгіленген бағытта нұскау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу. Музықаға деген әсерленушілік сезімін бекіту. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау.<br>**2 Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Біз дене шынықтыруды жақсы көреміз»**<br>**Мақсаты:**Саптізбекте саналуға үйрету. Тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру, текшенің үстінде | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>1. **Тақырыбы: «Мен кіммін?» (Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру)**<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын жыныс ерекшеліктерін білдіретін(ұл, қыз) сөздермен кеңейту, киім заттарының және олардың түстерінің атауын бекіту.Жай мен көңіл күйді сипаттауда қолданылатын (көңілді, мұңды, ақ жарқын, ашулы) сөздерді үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Балық неге сөйлемейді?»**<br>**Мақсаты**: аңыз ертегіні баяндай отырып, балалардың қызығушылығын арттыру; су асты әлемі туралы түсініктерін кеңейту; | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Шаршы.Ұзын -қысқа.Сол жақта-оң жақта.<br>**Мақсаты:**геометриялық фигураларды атау және тану,шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене»**<br>**Мақсаты**:Қоршаған ортаға деген қамқорлықтарын ерекше атап көрсету.Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қызығушылығын дамыту, «ненің болатынын және ненің болмайтынын», «жақсы және жаман» түсіне білуге, құрдастарының теріс қылықтарына баға беруді үйрету.Басқа адамдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | **1. Сурет салу**<br>**Тақырыбы: "Көмекке асығамыз"**<br>**Мақсаты:**Сурет салудың жаңа тәсілімен таныстыру - бейнеленген заттарға ұсақ бөлшектерді толықтырып салу. Негізгі түсті анықтай білуге, карандаштар мен бояулармен сурет салу. Қиялды дамыту. Жағымды қасет көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Еркін тақыпыта мүсіндеу»**<br>**Мақсаты:** балаларға көктем туралы түсінік бере отырып, ойға алған тақырып бойынша өз бетінше мүсіндеуді үйрету.<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | **1.Қоршаған ортамен танысу**.<br>**Тақырыбы.**Орман шыға көмектесеміз.<br>**Мақсаты**.Күз табиғатты бақылай отырып, күз мезгілінің ерекшеліктерін ,оны сипаттайтын жаңа сөздермен танысу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тепе- теңдік сақтап тұру («тиін бұтаққа секірді»- текше,орындық үстіне шығып, шектеулі алаңда тепе- теңдік сақтау). Қос аяқпен алға жылжи секіруді; қойылған заттардың арасымен «ирелеңдеп» еңбектеуге үйрету. Қимылды белгілі тәсілмен, белгіленген бағытта нұсқау бойынша бастап, орындап, аяқтауға тәрбиелеу. Жеңіл секіруге жаттықтыру. Дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Мақпалмен көңілді саяхат»**<br>**Мақсаты:**<br>Бөрене арқылы еңбектеп өтуді үйрету.Допты лақтырған соң қолды түзу ұстауды бекіту. Қимыл үйлесімділігін, саптізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін дамыту. Ойыншықтарды ұқыпты, таза ойнауға тәрбиелеу. | | | | |

**Қараша айы 4 апта**

**Апталық тақырыбы:** «Күн,ауа,су-біздің достарымыз»

**Мақсаты:**Күн,су,ауа туралы балалардың білімдерін тереңдету, ауа туралы ұғымды түсіндіру, су тіршілік көзі екендігін ,оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту, күннің жылуыменен жарық, жылу беретіндігі туралы мағұлматтар беру.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып:Дені саудың жаны сау(Қараша) | 4.апта Күн,ауа,су-бізбіздің достарымыз. | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру(0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,5) |
| | | 1.**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Күн, ауа, су- біздің жақын достарымыз»<br>**Мақсаты:**Музыка ырғағына сәйкес өзіндік қимыл бере білуге талпындыру. Қимыл кезінде қол мен аяқты үйлесімді қимылдату; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту.<br>**Дене шынықтыру**<br>**2.Тақырыбы:**«Біз көңілді балалармыз»<br>**Мақсаты:**Орташа допты бастан асыра жіп арқылы лақтыру. Қолды еденге тигіз-бей, доға астынан өтуге үйрету. Алақан мен тізеге тіреліп, еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді бекіту. Музыка ырғағына сәйкес жануар-лардың жүрісін бейнелей жүруге талпындыру. Лақтыру күш екпінін, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене түзілісін | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Балықтар»**<br>**Мақсаты:** балаларды су асты тұрғындарын дұрыс атауға және олардың түрлерін таныстыра отырып, шығармашылық тілді дамыту, өлеңді жатқа айтуға үйрету; су асты әлемінің тіршілік иелеріне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелу;<br><br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «**Аквариумдағы балықтар**»<br>**Мақсаты:** Аквариумды бақылай отырып топтан жеке заттарды бөліп алуға үйрету.жоғары-төмен сөздерін түсініп салыстыра білуін,оң-сол кеңестігін ажыратуын жалғастыру.<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Күн сәулесі»**<br>**Мақсаты:**Күн сәулесінің жылуының пайдасы туралы түсінік беру.Педагогтің сұрақтарына жауап беріп, сабақты талдай білуді үйрету.Табиғатты қадірлеуге баулу.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Досыма кітапша» (қағаздан)**<br>Төртбұрышты қағаздың бұрыштары мен беттерін сәйкестендіріп, бірдей | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Күн жарқырап шөп өсті»**<br>**Мақсаты:**Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктіліктерін бекіту.Ұқыптылыққа әдемілікке тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка**<br>(Саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(Саз жетекшісінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қадағалау.<br>**Дене шынықтыру**<br>**3.Тақырыбы:**«Спорт мектебі»<br>**Мақсаты:**Белгі бойынша шашырай жүру мен жүгіруге үйрету. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Бір орыннан ұзындыққа секіріп, аяқтың ұшымен жерге түсу дағдысын дамыту, допты жоғары лақтыруға жаттықтыру. | | бүктей білуін дамыту.Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | | |

**Желтоқсан айы 1 апта**
**Апталық тақырыбы:** «Менің Отаным Қазақстан»
**Мақсаты:**Жас ұрпақты Отанын сүйуге еліміздің рәміздерін қастерлеуге бай қуатты ел екенін мақтан етуге үйретіп, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып махабат сезімін ояту.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып:Менің Қазақстаным (Желтоқан) | 1.апта Менің Отаным Қазақстан | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет- 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**.«Ата және әжеммен қалаға саяхат»<br>**Мақсаты:**Балаларға Отан туралы терең түсінік беру. Нұсқаушының лақтырған добын қағып алу және кері лақтыруды үйрету. Нұсқаушымен допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуын бекіту. Қол басының икемділігін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыр**<br>**Тақырыбы:**«Біз саяхаттамыз»<br>**Мақсаты:**Балалардың Отан, туған жер туралы түсінік беру. Тура бағытта төрттағандап еңбектеуге үйрету.Бір- бірден саптізбекке тұру; тоқтап және тапсырманы орындай жүгіру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:Отшашу**<br>**Мақсаты:** Балалардың Отан, қаламыз туралы түсініктерін молайту. Шашырай және жұппен жүру және жүгіруге үйрету,бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру (жерге екі аяқпен түсулерін қадағалау), ұжымда тату ойнай білуге тәрбиелеу, допты заттар арасымен домалату | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Отан» М.Хакімжанова**<br>**Мақсаты:** балаларға Отан туралы үзінді жатқа айтуға үйрету; өз елін, жерін сүюге тәрбиелеу; сөздік қорын молайту;<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Үш аю»**<br>**Мақсаты:** ертегіні оқып беру; кейіпкерлердің іс-әрекетіне көзқкарасын білдіре отырып, мазмұнын аййтуға үйрету; жануарларға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу; балалардың сөздік қорын дамыту; | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Менің Отаным»**<br>**Мақсаты:** жоғарыда-төменде, алыста-жақында; қоршаған ортада басқа геометриялық фигураларға сәйкес келетін заттарды табуды жалғастыру<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:"Менің елім - мақтанышым"**<br>**Мақсаты:**Балаларға Отан жалғыз, оның әлемдегі ең қымбат дүние екендігі туралы түсінік беру. Өз Отанына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу. | 1.**Сурет**<br>**Тақырыбы: «Мерекелік отшашу»**<br>Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру.Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру.Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**«Менің сүйікті жануарларым»<br>**Мақсаты:**Бөлшектерді жапсырып, бірыңғай бейнені құрып, жануарларды бейнелеуге үйрету. Мұқият жапсыруға және басып сүрту үшін майлықты қолдануға үйретуді жалғастыру<br>**3.Музыка**<br>(Саз жетекшісінің жоспары бойынша) | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>**1.Тақырыбы: «Үй жануарларына қамқорлық жасаймыз»**<br>**Мақсаты:**Үй жануарларымен таныстыру.Үй жануарларының адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру.Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдыларын дамыту. | | | | |

**Желтоқсан айы 2 апта**

**Апталық тақырыбы:** «Қазақстанның жануарлар әлемі»

**Мақсаты:** Жануарлардың табиғаттағы роліменен маңызы туралы түсінік беру, үй жануарлары мен жабайы жануарларымен таныстыру, қоршаған ортаны сүйуге ,мейрімділікке тәрбиелеу.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып :Менің Қазақстаным (желтоқсан)** | **2.апта Қазақстанның жануарлар әлемі** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>(Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Аңдар біздің досымыз»<br>**Мақсаты:**Саяхат арқылы орман аңдары туралы терең меңгерту. Допты екі қолмен желке тұсынан лақтыруға үйрету; доптың ұшуына дұрыс траектория беру, қолдарын екпінді қимылмен жаза білуді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қим<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**Мақсаты.«Түйемен ауылға барамыз»** ылын дамыту.<br>Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Бір- біріне 15 см қашықтықта қойылған кірпіштер үстінен (шектелген | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ерке төлдер» (түйе)**<br>**Мақсаты**:Педагогтің көмегімен үй жануарлары туралы қысқа әңгіме құрастыруды, жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде атауды үйрету (бота, ботақандар, құлыншақ, құлыншақтар).Жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Төлдер»**<br>**Мақсаты:**Сол жақта-оң жақта кеңістік түсініктерін қалыптастыру, өзінің тікелей бағыттағы кеңістікті ажырата білуге үйрету<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Үй жануарларына қамқорлық жасаймыз»**<br>**Мақсаты:**Үй жануарларымен таныстыру.Үй жануарларының адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру.Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көпір» (өнім тиеген машина)**<br>**Мақсаты**:Балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жұмыс | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**<br>**Тақырыбы: «Жануарларға арналған шөп»**<br>**Мақсаты:**Балалардың шөп туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы шөптің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br><br>**3.Музыка**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аланда)тепе- теңдік сақтап жүруге үйрету. Көрнекті бағыт бойынша қатардан шеңбер құрып тұру. Бесік жыры музыкасын ажырата білу. Иық, мойын бұлшықеттерін, қол мен аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту.<br>**3. Дене шынықтыру Тақырыбы.«Үй жануарларына қонаққа»**<br>**Мақсаты:**Саяхат арқылы үй жануарларын терең меңгерту. Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуға, қос аяқтап алға жеңіл жылжи секіруге жаттықтыру. Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту. | | жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата білуге дағдыландыру.Педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып көпір құрастыра білуге үйрету. | | |

**Желтоқсан айы 3апта**

**Апталық тақырыбы :** «Туған өлкенің өсімдіктері»

**Мақсаты:** Өсімдіктердің 1-2  түрлерімен таныстыру, оларды бір – бірінен ажыратып атай білуге ,құрлысы  туралы мағұлматтар беру . Өсімдіктерге қамқорлық таныту

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып: Менің Қазақстаным   (желтоқсан)** | **3.апта  Туған өлкенің өсімдіктері** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас -2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.«**Алаңқайда ойнаймыз»<br>**Мақсаты:**Аулада өсіп тұрған гүлдер туралы терең түсінік беру. Бір- біріне допты домалатуды үйрету. Допты домалату кезінде қолдың қозғау күшін, қимыл үйлесімділігін, ұсақ сезім мүшелерін дамыту.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: Аuладағы гүлдер**<br>**Мақсаты:**Балаларға гүлдер туралы түсінік беру. Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Берілген белгіге көңіл аударуға; қос аяқтап алға секіруге жаттықтыру. Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Біз саяхаттамыз<br>**Мақсаты:**Балалардың Отан, туған жер туралы түсінік беру. Тура бағытта төрттағандап еңбектеуге үйрету.Бір- бірден саптізбекке тұру; тоқтап және тапсырманы | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Көңілді алаңқайда<br>**Мақсаты:**дыбыстарды жеке және  сөз арасында естіп ,анық айтуға үйрету,ұйымшылдыққа тәрбиелеу «ж»дыбысын жеке және  сө арасында айтуды жаттықтыру.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: К.Нүсіпов «Суретші қыс» (жаттау)**<br>**Мақсаты:**Өлеңді көрнекі құралдар көмегінсіз жатқа айтуға, оны дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету. Балаларды шығарма мазмұнын өз іс-тәжірибесімен салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірімен және | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: «Көктемгі гүлдер»<br>**Мақсаты:** Көктем гүлдерінің еркшеліктерін бақылай отырып,жекеленген заттардан топ құрауға үйрету.геометриялық пішіндерді ажырату,биік-аласа көлемін бақылау.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Табиғат бұрышындағы еңбек»**<br>**Мақсаты:**Балаларды еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу, заттардың(алжапқыш) белгісі мен қасиеттерін анықтауды жаттықтыру. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, мекендеушілерге мейірімділікті тәрбиелеу. | 1.**Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: Саңырауқұлақтар**<br>**Мақсаты:** Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру, сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салуға дағдыландыру.Эстетикалық талғамын дамыту.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары»**<br>**Мақсаты:** Шырша ойыншықтары туралы жалпы түсінік беру. Әртүрлі пішіндерді мүсіндеу  және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеу іскерліктерін шыңдау<br>**3.Музыка**<br>(Пән мұғалімінің | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**Орман шыға көмектесеміз<br>**Мақсаты:**Қыс табиғаттын бақылауға үйрету.Қайың ,терек  емен ,шырша бұтақтарын  мен таныстыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | орындай жүгіру. | қоршаған ортамен байланыстыра білуіне үйрету. | | жоспары бойынша) | |

**Желтоқсан айы 4 апта**

**Апталық тақырыбы:** «Ғажайып қыс»

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктері, табиғатта болатын өзгерістерді бақылай білуге,қыс мезгіліндегі жануарлар мен құстар тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.

| **Өтпелі тақырып:Менің Қазақстаным (Желтоқсан)** | **4.апта Ғажайып қыс** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**«Қысқы орманға саяхат»<br>**Мақсаты:**Балаларға ойын арқылы қыс мезгілініңерекшеліктерін меңгерту. Кегельге дейін еңбектеп барып, кегельді алу, тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе-теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту.<br>**2. Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы: «Аққала»**<br>**Мақсаты:**Балаларға қыс мезгілі түсініктерін молайту. Балаларға бір бірден сапта жүруді, секірген кезде аяқтарын сәл бүгіп түсуді үйрету; балаларды спорттық жаңа құрал құрсаумен таныстыру; ұжымда тату ойнай білуге тәрбиелеу; сапта бір бірден жүру, тапсырманы орындау, жерге аяқтарын сәл бүгіп түсіп дағыларын дамыту, | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Сабақтың тақырыбы: Тақырыбы: «Қыс» (суретті туралы әңгімелеу)**<br>**Мақсаты**:Қыс мезгілі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып, қысқы ауа райының құбылыстары жайлы түсінік беру.Табиғатты бақылап, өзгерістерді байқай білуге үйрету.Сурет бойынша әңгімелеуде байланыстырып сөйлеулерін дамыту.Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.**Математика негіздері<br>**Тақырыбы: «Қыс қызықтары»**<br>**Мақсаты:**бір және көп затты ажырата білуге үйрету,дөңгелек пішінін бақылау,ұзын-қысқа көлемін ажырату.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қысқы ойындар»**<br>**Мақсаты:**Қыс мезгілі, қар, қысқы ойындар туралы түсініктерді қалыптастыру.Қыс мезгіліне қызығушылығын арттыру, қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті күзде қурап түскен жапырақтар»<br>**Мақсаты:**Балаларды қағазбен жұмыс жасауға дағдыландыру, саусақ бұлшық еттерін дамыту, күз көрінісін бейнелей білуге және табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қар кесегі»**<br>**Мақсаты**:Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру.Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа әдеміліккетәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка** (саз жетекші жоспары бойынша)<br>**3.Музыка** (саз жетекші жоспары бойынша)<br><br>. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұсақ қол қимылдарын, құрсаудан құрсауға секіру, допты  түзу бағытта домалату икемділіктерін жетілдіру.<br>**3. Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Алғашқы қар»**<br>**Мақсаты**: Балаларға қыс мезгілі туралы терең түсінік беру. Кегельге дейін еңбектеп барып, кегельді алу, тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе- теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту. | | | | |

\

**Қаңтар 1-апта**

**Апталық тақырыбы :** «Біз қалай киінеміз(киім,аяқ киімдер)»

**Мақсаты:** Балаларға қысқы киімдер туралы олардың атауы бас киім , аяқ киім , сырт киім туралы білімдерін бекіту.Ұл бала мен ,қыз баланың қыстық киімдері ерекшелігіменен ұқсастығын ажырата білуге үйрету

| | | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру(0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Біздің қоршаған әлем(Қаңтар )** | **1.апта Біз қалай киінеміз?(киім,аяқ киім)** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Спорттық киім»**<br>**Мақсаты:**Балаларға заттар (ойыншықтар) туралы терең түсінік беру. Допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтыруға үйрету.Қимылды ырғақпен жеңіл, еркін, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре орындау қабілеттерін қалыптастыру. Жеңіл бытырап жүгіруге жаттықтыру. Дене түзілісін бақылау. Балалардың қимыл тәжірибесін молайту.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Әжейге қонаққа барамыз»**<br>**Мақсаты:**Еденнен екпінмен серпіле екі аяқпен зат үстінен секіруге үйрету. Допты қос қолмен бастан асыра жіп арқылы лақтыруды үйрету. Тепе-теңдік сақтап, еденнен 20 см көтерілген сатының таяқшаларынан аттап | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Ғажайып қапшық» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты**.Киім тігетін матаның қасиеттері туралы білімдерін кеңейту(мата жұқа, қалын, ақ және түрлі-түсті болуы мүмкін).Киімнің бөлшектерін (жең, жаға, қалталар) ажырату, атау және киімдерді маусымдар бойынша ажырата білуін үйрету.Киім заттарына ұқыпты қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Біздің үйдің жиһаздары»**<br>**Мақсаты**: балаларға үй жиһаздары туралы түсінік беру; танымын кеңейту, тілін дамыту; граматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуде, сөйлемді толық, анық айтуға, өз ойын жеткізе білуге үйрету; диалогты сөйлеуге жаттықтыру. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерім затттары»**<br>**Мақсаты:** Балаларға бір топтың заттарын екінші топтың заттарының үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып, саны және көлемі жағынан тең және тең емес заттарды(шамамен үш затты)салыстыруды үйрету. Тілде келесі сөздерді қолдану:сонша,неше,тең. Ұзынырақ,қысқа,ұзындықтары тең сөздерін пайдаланып,заттардың ұзындығы бойынша салыстыру<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**Құртақанды киіндіреміз<br>**Мақсаты:**Адамдар мен табиғат арасындағы өзгерістерді сәйкестендіре білуге үйрету,маусымдық өзгерістердің адамдардың киім кию үлгісіне әсерін түсіндіру. | 1.**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған мойынорағыш»**<br>**Мақсаты:**Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру.Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Әдемілікке тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы**:**«Түрлі түстітеледидар»**<br>**Мақсаты**: Мөлшерлері әртүрлі бөлшектерді салу және жапсыру жолымен теледидар бейнесін жасауды үйрету. Геометриялық шаршы фигурасын тани білуді бекіту.Көзбен мөлшерлеуді назар салуды,кеңістікте және парак үстінде дағдарлай білуді дамыту.<br>**3.Музыка**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы: «Кешада қонақ болғанда»**<br>**Мақсаты:**Балалардың жиһаз заттары туралы білімдерін қорыту және жүйелеу.Олардың қызметтік мәні,сапасы мен қасиеттері жөніндегі түсініктерін бекіту,ұқыптап ұстауға тәрбиелеу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жүруді бекіту.Қолдың басын айналдыра, қол бұлғап, бытырап жүгіру; бір- біріне соқтығыспай, тепе- теңдік сақтап, екпінмен серпіле заттың үстінен секіріп , сәл бүгілген аяқпен жұмсақ жерге қонуға; басты түсірмей, музыка ырғағына сәйкес би қимылдарын бір қалыпты, жұбымен келісе орындауға жаттықтыру. Әжелерін, аналарын сыйлауға баулу.<br>**3. Дене шынықтыру Тақырыбы.«Сары сарафан киген бақ-бақ»**<br>**Мақсаты:**Биіктіктен еденге салынған шеңберге секіріп түсуді үйрету. Аяқты- аяққа тақай қойып, алға жылжи жүрудағдыларын бекіту. Ырғақты және жеңіл жүгіру дағдыларын дамыту. | | | | |

**Қаңтар 2-апта**

**Апталық тақырыбы:** «Біздің үйдегі заттар» (жиһаз)

**Мақсаты:**Үй ішіне қажетті жиһаздар туралы мағұлмат беру, олардың тұрмыста қолдану орны мен қажеттілігі туралы айтып түсіндіру.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Бізді қоршаған әлемҚаңтар )** | **2 апта Біздің үйдегі заттар(жиһаздар)** | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.** «Ыдыс- аяқ дүкені»<br>**Мақсаты.** Балаларға заттар (ыдыстар) туралы терең түсінік беру. Ұзындыққа бір орында тұрып, аяқпен неғұрлым күшті серпіле секіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе-теңдік сақтай жүруді бекіту. Саптізбекке бойына қарай тұру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшықеттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға талпындыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**. «Көңілді аспазшылар» **Мақсаты**.Заттық әлемге саяхат жасату арқылы балалардың заттар туралы түсініктерін молайту. Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Шектелген алаңмен тепе- теңдік сақтай жүруді бекіту. Саптізбекке бойына қарай тұру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшықеттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Диасқа арналған диван»(шығармашылық тілді дамыту)**<br>**Мақсаты:** үй-ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс атап айтуға, сөз қорларын молайту; достыққа тәрбиелеу; заттың санын және көлемін білдіретін сөздерді меңгерту;<br>2.**Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтарға үстел жабдықтаймыз»**<br>**Мақсаты**: Жиһаздарды бақылай отырып ,заттарды санына қарай теңестіру,төртбұрышты пішінді бақылау,асты-үсті кеңестігін ажыратуға үйрету.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған үстел» (биік, аласа)**<br>**Мақсаты :**Үлгі бойынша қуыршаққа кіші құрылыс материалдарынан биік, аласа үстел жасауды үйрету.Шығармашылық қиялы мен көркемдік талғамын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Тиінге арналған жиһаз»**<br>**Мақсаты:**Жиһаздар туралы түсініктерін нақтылау; Жиһаз бөліктері білімдерін бекіту;тілін, | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: "Көмекке асығамыз"**<br>**Мақсаты**:Сурет салудың жаңа тәсілімен таныстыру - бейнеленген заттарға ұсақ бөлшектерді толықтырып салу. Негізгі түсті анықтай білуге, қарандаштар мен бояулармен сурет салу. Қиялды дамыту. Жағымды қасет көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br><br>2.**Музыка**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | . |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | талпындыру.<br>3.**Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы**.«Дастархан басында»<br>**Мақсаты**. Балалардың заттық әлем туралы түсініктерін бекіту. Шағын алаңда жүру кезінде тепе- теңдікті сақтауды үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; жүру мен жүгіруді алмастыру, екі сызықтың арасымен жүру мен жүгіру, алға жылжи отырып, екі аяқтап секір дағдыларын дамыту, қозғалыс дағдыларын жетілдіру. | | зейінін, логикалық ойлауын дамыту: жиһаздарды қорғау қатынасын тәрбиелеу | | |

**Қаңтар айы 3-апта**

**Апталық тақырыбы :** «Қуыршақтың ыдыстары»

**Мақсаты:**Әрбір ыдыстың атауы, тұрмыста қолдану орны мен қажеттілігі туралы мағұлмат беру, ойын әрекетінде ыдыстарды қолдана білуге үйрету.

| | | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Бізді қоршаған әлем(Қаңтар )** | **3- апта** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.** «Мақпалмен көңілді саяхат».<br>**Мақсаты**.Бөрене арқылы еңбектеп өтуді үйрету.Допты лақтырған соң қолды түзу ұстауды бекіту. Қимыл үйлесімділігін, саптізбекте өз орнын таба білу қабілеттерін дамыту. Ойыншықтарды ұқыпты, таза ойнауға тәрбиелеу.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы.«**Сүйікті ойыншықтар»<br>**Мақсаты**.Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін молайту. Адымдарын ауыстырып жүруге, шашырай жүгіруге үйрету;  достық сезімдерін тәрбиелеу; таяқшаларын тастамай, баспалдақпен жүру дағдыларын дамыту, тепе- теңдікті сақтауға жаттықтыру.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы**.«Түлкімен бірге ойнаймыз» | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қуыршаққа шәй дайындаймыз»**<br>(дидактикалық ойын)<br>**Мақсаты**.тілдің дыбысталу мәдениеті<br>Заттарды топтастыруға, оларды атай білуге (ыдыс-аяқтар-қасық, шанышқы, кесе, тостаған) үйрету.Сұрақ-жауап әдісі арқылы таныс шығармалардың мазмұнын айтып беруге дағдыландыру.Сөздік қорларын толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту.Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Ә.Табылдиев тің «Машина»<br>**Мақсаты:**Үзіндіні жатқа айтуға дағдыландыру,еңбексүйгіштік ке тәрбиелеу,шығарманың мағынасын түсіну,есте сақтау қабілетін дамыту | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Улкен-кіші кеселер»**<br>**Мақсаты**:Ыдыстармен танысуды жалғастыру Жеке заттардан топ құрауға үйрету.қарама-қарсы көлемдерді салыстыра білуге үйрету,оң-сол кеңестігін ажыратып үйрету.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Алғашқы көмек»**<br>**Мақсаты**.Адамның жүріс-тұрыс ерекшеліктерін бағалауға үйренуді жалғастыру, өзге адамға мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. | 1.**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:  «Табақты әшекейлеу»**<br>**Мақсаты.**Балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру.Табақты әшекейлегенде «тұмарша», «ирексу» ою-өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету.Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** «Ұшақ».<br>**Мақсаты:** бөлшектерді құрастыру арқылы ұшақты құрастыруды үйрету; қиялдау сезімдерін дамыту; ұқыптылыққа,дербес іс-әрекет жасауға тәрбиелеу.<br>3.**Музыка**<br>(Саз жетекші  жоспары бойынша) | **1.Қоршаған ортамен танысу**.<br>**Тақырыбы**.Біздің киімдер<br>**Мақсаты.**Қысқы киімдердің бөліктерін сиппаттап айтуға үйрету,қыс мезгілінде киетін киім атауларын дұрыс айтуға тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мақсаты**.Балаларға жануарлар туралы түсінік беру. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту. | | | | |

**Қаңтар айы 4 –апта**

**Апталық тақырыбы : «Жүреді,жүзеді,ұшады»**

**Мақсаты:** Балаларды көліктер түрлерімен таныстыру, барлық көлік түрлерінің пайдасы туралы айта отырып еңбекқорлыққа тәрбиелеу

| | | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>(Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Бізді қоршаған әлем(Қаңтар )** | **4 апта Жүреді,жүзеді,ұшады** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Спортшылар»<br>**Мақсаты.**Саяхат жасау арқылы балабақшаның ішімен таныстыру. Шағын алаңда жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды, шеңбер бойымен жүру мен жүгіруді үйрету.Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Алға жылжи секіру кезінде жерге ақырын түсу дағдыларын дамыту.<br>2. **Дене шынықтру**<br>**Тақырыбы.«Ауладағы ойындар»**<br>**Мақсаты.**Тереңдікке секіруге үйрету. Орындықтан секірген кезде алға қарап, бас пен денені түзу ұстап, аяқты сәл бүгіп, табанды жазып, жерге жеңіл қону; шеңбер құру; бір- біріне кедергі жасамай, алға- артқа жылжи білу қабілеттерін бекіту. Музыкаға сәйкес затпен (таспа) қимыл жасауға талпындыру.<br><br>**3.Дене шынықтыру**.<br>**Тақырыбы.«Аяздан біз** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:«Қуыршақ Әйгерім және Динара балаларда қонакта»**<br>**Мақсаты:(**шығармашылық элементтерімен әңгіме құрастыру)<br>Сөйлем құрастыра білуге, сұраққа дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру.Зат есім және сын есімдерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруды, дыбыстың дұрыс айтылуын бекіту.Қамқорлыққа баулу, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ұшақ кілемше»**<br>**Мақсаты:** Заттарды саны бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Бір-бірінің үстіне қою және жанына қою тәсілін қолдана отырып, заттар тобын санына қарай салыстыру, қай зат үлкен, кіші қайсысы тең-нәтижесін сөзбен айта білу, баланың көру жадын және ойлау қабілетін дамыту.<br>**2.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Көпір» (өнім тиеген машина)**<br>**Мақсаты :**Балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата білуге дағдыландыру.Педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын | **1. Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: "Түрлі түсті шарлар"**<br>**Мақсаты**:Балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді салуға жаттықтыру, оларды әдемі етіп әр түспен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу. Екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қаблеттерін, ой – қиялын дамыту.<br><br>**2.Музыка**<br>(саз жетекші жоспары бойынша)<br><br>**3. Музыка**<br>(саз жетекші жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **қорықпаймыз»**<br>**Мақсаты.**Белгі бойынша тоқтай білуге жаттықтыру. Допты астынан екі қолмен алға (алысқа) еркін лақтыруды үйрету. Көтеріңкі кеңістікте тепе-теңдік сақтап жүруді бекіту. Музыкаға сәйкес адымдап, аяқты жоғары көтере, қолды еркін ұстап жүру дағдыларын дамыту. | | кеңістікте дұрыс орналастыра отырып көпір құрастыра білуге үйрету.<br>**3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене»**<br>**Мақсаты:**Қоршаған ортаға деген қамқорлықтарын ерекше атап көрсету.Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қызығушылығын дамыту, «ненің болатынын және ненің болмайтынын», «жақсы және жаман» түсіне білуге, құрдастарының теріс қылықтарына баға беруді үйрету.Басқа адамдарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | | |

**Ақпан айы 1-апта**

**Апталық тақырыбы : «Қыс қызықтары»**

**Мақсаты:** Қыс мезгілі ерекшеліктері туралы мағұлмат беру, қысқы ойындар түрлері , таза ауада шынығу шаралары туралы түсініктерін кеңейту

| | | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>**Қоршаған ортамен танысу(0,25)** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Табиғат әлемі(Ақпан)** | **1.апта Қыс қызықтары** | **Дене шынықтыру**<br>**1.Тақырыбы:**«Қысқы орманға саяхат»<br>**Мақсаты:** Балаларға ойын арқылы қыс мезгілініңерекшеліктерін меңгерту. Кегельге дейін еңбектеп барып, кегельді алу, тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе-теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Аққала»<br>**Мақсаты:**Балаларға қыс мезгілі түсініктерін молайту. Балаларға бір бірден сапта жүруді, секірген кезде аяқтарын сәл бүгіп түсуді үйрету; балаларды спорттық жаңа құрал құрсаумен таныстыру; ұжымда тату ойнай білуге тәрбиелеу; сапта бір бірден жүру, тапсырманы орындау, жерге аяқтарын сәл бүгіп | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Қыс» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:**Қыс мезгілі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып, қысқы ауа райының құбылыстары жайлы түсінік беру.Табиғатты бақылап, өзгерістерді байқай білуге үйрету.Сурет бойынша әңгімелеуде байланыстырып сөйлеулерін дамыту.Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Шырша» Е. Ерботин (жаттау)**<br>**Мақсаты:**Тақпақты зейін қойып тыңдап, мазмұнын түсіне білуге үйрету. Мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге ынталандыру. Сөздік қорларын молайту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеру. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Қысқы ойын»**<br>**Мақсаты:**Қысқы ойын түрлерімен таныстыра отырып,санау ұғымын қалыптастыру.уақытты бағдарлау.қасында кеңестігін ажырату<br>**3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қысқы ойындар»**<br>**Мақсаты:**Қыс мезгілі, қар, қысқы ойындар туралы түсініктерді қалыптастыру.Қыс мезгіліне қызығушылығын арттыру, қимыл-қозғалыстарын дамыту. | 1.**Сурет салу**<br>**Тақырыбы**<br>**«Қар кесегі»**<br>**Мақсаты:**Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру.Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа әдеміліккетәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**<br>**Алаңқайдағы саңырау құлақтар**.<br>**Мақсаты:**<br>Саңырауқұлақтар туралы білімдерін нақтылау; түстерді ажырата білуді ; тапсырманы шығармашылықпен орындауға тірбиелеу<br><br>**3.Музыка**<br>(саз жетекші жоспары бойынша) | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырбы.**Қыс қызығы.<br>**Мақсаты.**Қыс ерекшеліктер суық,аяз,қаржаууы,жылы киіну туралы білімдерін нығайту. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түсіп дағыларын дамыту, ұсақ қол қимылдарын, құрсаудан құрсауға секіру, допты  түзу бағытта домалату икемділіктерін жетілдіру.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Алғашқы қар»<br>**Мақсаты:**Балаларға қыс мезгілі туралы терең түсінік беру. Кегельге дейін еңбектеп барып, кегельді алу, тұру, түзелуді үйрету. Иық бұлшықеттерін, қол басын дамыту. Бейнелі қимыл бере білу, тепе-теңдік сақтау, ептілік пен төзімділік қабілеттерін дамыту. | | | | |

**Ақпан айы 2-апта**

**Апталық тақырыбы:** «Айналамыздағы өсімдіктер»

**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктер әлемі туралы түсініктерін кеңейту ,олардың құрлысы мен бір- бірінен айырмашылығын ажыратып оларға қамқорлық таныту

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып:Табиғат әлемі(Ақпан) | 2.апта Айналамыздағы өсімдіктер | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас -2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5 | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу. |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырбы**.«Гүлдер,гүлдер әсем гүлдер»<br>**Мақсаты**: Орташа допты бастан асыра жіп арқылы лақтыру. Қолды еденге тигіз-бей, доға астынан өтуге үйрету. Алақан мен тізеге тіреліп, еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді бекіту. Музыка ырғағына сәйкес жануар-лардың жүрісін бейнелей жүруге талпындыру. Лақтыру күш екпінін, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене түзілісін қадағалау.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырбы** «Гүлзарлар»<br>**Мақсаты**: Белгі бойынша шашырай жүру мен жүгіруге үйрету. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Бір орыннан ұзындыққа секіріп, аяқтың ұшымен жерге түсу дағдысын дамыту, допты жоғары лақтыруға жаттықтыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ғажайып қыс» (сурет бойынша әңгімелеу)**<br>**Мақсаты:**мезгілі жайында мазмұнды суреттерді қарастыра отырып, қысқы ауа райының құбылыстары жайлы түсінік беру.Табиғатты бақылап, өзгерістерді байқай білуге үйрету.Сурет бойынша әңгімелеуде байланыстырып сөйлеулерін дамыту.Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Табиғатпен біргеміз»**<br>**Мақсаты**: Суретте және кеңістікте заттардың орналасу бағытын ажырату мен атап көрсету (биік –аласа). Таныс заттарды биіктігіне қарай салыстыру қалыптастыру (биік-аласа)<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Бөлме өсімдіктері<br>**Мақсаты:**Балаларды табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін арттыру,қазтамақты ажырата білу, және күту ерекшеліктерімен таныстыру.Фикустың күту ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.Өсімдіктерді жапырақтарынң | **1. Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Бақбақ.<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жаңашырлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **3.Дене шыныктру Тақырыбы**.«Айналамыздағы гүлдер» **Мақсаты** .Музыка ырғағына сәйкес өзіндік қимыл бере білуге талпындыру. Қимыл кезінде қол мен аяқты үйлесімді қимылдату; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту. | | ерекшеліктеріне қарай отырып,тазалықта ұстау қабілеттілігін орнату.бөлме өсімдіктеріне деген күтім мен қызығушылықты тәрбиелеу. **2.Құрастыру Тақырыбы: «Қар» (қағазда) Мақсаты:**Балалардың саусақ бұлшықеттерін жетілдіру, қағазды умаждау арқылы қар кесегін жасауға болатынын түсіндіру, табиғат құбылыстары жайында қарапайым түсініктер беру. Қыс мезгіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.. | . | |

**Ақпан айы 3-апта**

**Апталық тақырыбы: «Жануарлар әлемі»**

**Мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін кеңейту. Үй және жабайы жануарларының атын дұрыс айта білуге, ажыратуға үйрету.Жануарлар әлеміндегі өзгерістерді байқауға үйрету**.**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып:Табиғат әлемі(Ақпан) | 3.апта Жануарлар әлемі | **Денсаулық -3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас - 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру .(0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**.<br>**Тақырыбы**.«Түлкімен бірге ойнаймыз»<br>**Мақсаты**. Балаларға жануарлар туралы түсінік беру. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылын үйлестіре, серпіле екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.** «Аңдар біздің досымыз»<br>**Мақсаты**.Саяхат арқылы орман аңдары туралы терең меңгерту. Допты екі қолмен желке тұсынан лақтыруға үйрету; доптың ұшуына дұрыс траектория беру, қолдарын екпінді қимылмен жаза білуді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Орман мекендеушілерінде қонақта» (жабайы аңдар мен балалары)**<br>**Мақсаты**:Жабайы жануарлар мен балалары туралы түсініктерін байыту, жабайы жануарлардың сипаттық белгілерін байқай білуге үйрету, жабайы жануарларды ажырата білулерін бекіту, жануарларға деген жағымды көзқарасты тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет «Аққу-қаздар» ойыны**<br>**Мақсаты:**Қарым қатынас ережелерін сақтауға үйрету,өзге адамға мейірімділікті қамқорлық қатынас білдіруді ниеттеуді жалғастыру. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Зоосаябаққа барамыз»**<br>**Мақсаты:** Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты,жоғары-төмен,алыс-жақын,биік-аласа ажырата білуді дамыту.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Маша мен аю»**<br>**Мақсаты:**Балаларды ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама бере білуге үйрету. | 1**. Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»**<br>**Мақсаты**:Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен-кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру.Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша )<br>**3.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:Құстың ұясы**<br>**Мақсаты:**Домалатылған пішінді екі алақанның арасына салып,жаншу арқылы жалпақтау тәсілін пайдалана отырып,құстың ұясын мүсіндеуді үйрету | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Жайлауға саяхат<br>**Мақсаты:**Туған жердің сұлулығы мен салт дәстірі жайлы түсініктерін қалыптастыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырбы**.«Көңілді көжектер»<br>**Мақсаты..**Балалардың жануарлар туралы түсініктерін бекіту. Жұппен жүру мен жүгіруді үйрету; жануарларға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу; тақтай үстімен жүруде, секіруде, алға жылжуда тепе теңдікті сақтау дағдыларын дамыту. | | | | |

**Ақпан айы 4-апта**

**Апталық тақырыбы:** « Құстар біздің досымыз»

**Мақсаты:** Құстардың сыртқы бейнесі, тіршілігі, қоректенуі туралы айту; үй құстарын ажырата білуге үйрету; құстарды күте білуге, оларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу;

| Өтпелі тақырып:Табиғат әлемі (Ақпан) | 4.апта Құстар біздің досымыз | **Денсаулық -3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас- 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным2,5**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Құстар бізде қонақта»<br>**Мақсаты**.Саяхат арқылы құстар туралы түсініктерін меңгерту. Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуға, қос аяқтап алға жылжи секіруге жаттықтыру. Көзмөлшерін дамыту және табан бұлшықеттерін нығайту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**. «Ауладағы құстар»<br>**Мақсаты**.Құстар туралы түсініктерін бекіту. Балаларғабір- бірден сапта жүруді, секірген кезде аяқтарын сәл бүгіп түсуді үйрету; балаларды спорттық жаңа құрал құрсаумен таныстыру; ұжымда тату ойнай білуге | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Құстар толы аулада»**<br>**Мақсаты:** үй құстары туралы түсініктерін молайта отырып, (К-Қ-Г) естіп, дұрыс айтуын бекіту; үй құстарына қамқор болуға тәрбиелеу; дауыс және артикуляциялық аппаратын дамыту;<br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:«Құстарға жем беру»**<br>**Мақсаты:**Тәуліктің қарама-қарсы мезгілдерін айыра білу. Таңертең-кеш, Күндіз-түн; үлкендермен балалардың іс-әрекетінің тәулік мезгілін ажырата білу.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: "Құстар біздің досымыз"**<br>**Мақсаты**:Құстар туралы білімдерін кеңейте отырып, олардың тіршілігі туралы түсініп, айтып беруге үйрету. Олардың көбеюі, тіршілік етуі, табиғатқа әкелетін пайдасы туралы айта отырып, қамқорлықпен қарау.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: Анама сыйлық «Бақбақ»**<br>**Мақсаты:** | **1. Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: "Құстар"**<br>**Мақсаты:**Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл қозғалысын бейнелеп дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын артттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша )<br><br>**3.Музык**а<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша ) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу; сапта бір- бірден жүру, тапсырманы орындау, жерге аяқтарын сәл бүгіп түсіп дағдыларын дамыту, ұсақ қол қимылдарын, құрсаудан құрсауға секіру, допты түзу бағытта домалату икемділіктерін жетілдіру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.«**Құс ауласы»<br>**Мақсаты**.Шашыраңқы жүру мен жүгіруді, мұғалімнің нұсқауымен тапсырмаларды орындауды үйрету; доғаның астынан төрттағандап жүру, шағын жерде жүруде тепе теңдікті сақтау дағдыларын жетілдіру. Құстарды баптауға, аялауға тәрбиелеу. | | **(**қағазды шыйыршықтау және бүктеу)<br>Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, анаға сыйлық жасау үшін қағаздан шыйыршықтау және бүктеу арқылы бақбақ жасай білуге үйрету, ата-ананы сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу. | | |

**Наурыз айы 1 апта**

**Апталық тақырыбы** «Аналар мерекесі»

**Мақсаты:** Балаларға аналар мерекесі туралы түсінік беру.Балаларды өз аналарына мерекелік базарлық дайындауға және балабақша бөлмелерін безендіруге ат салысуға ынталандыру

| | | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Салттар мен фольклор(Наурыз)** | **1.апта Аналар мерекесі** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**.«Аналар мерекесіне барамыз»<br>**Мақсаты**.Балаларға аналар мерекесі туралы терең түсінік беру. Еденнен екпінмен серпіле екі аяқпен зат үстінен секіруге үйрету. Бір- біріне соқтығыспай, тепе- теңдік сақтап, екпінмен серпіле заттың үстінен секіріп, сәл бүгілген аяқпен жұмсақ жерге қонуға; басты түсірмей, музыка ырғағына сәйкес би қимылдарын бір қалыпты, жұбымен келісе орындауға жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**.«Сүйікті цирк»<br>**Мақсаты.**Нұсқаушының нұсқауы бойынша тапсырмаларды орындау, бір қатармен жүру мен жүгіруге үйретуді жалғастыру; ұсақ қол қимылдарын, денелерін игеру икемділіктерін, ептіліктерін, жетекші | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті анам» (тәжірибе бойынша әңгіме құрастыру)**<br>**Мақсаты:**Сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыруды үйретуді жалғастыру, алгоритмдік ойлау машықтарын дамыту.Сөз тіркестерін (анам мейірімді, қамқоршы, әдемі, балаларды жақсы көреді, оларға қамқоршы), сөздерді және дыбыстарды анық, дауыстап айтуға жаттықтыру.Анасы туралы пікірін тиянақты, еркін жеткізе білуге талпындыру.Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: М.Алимбаев «Кілем-алаша» (жаттау)**<br>**Мақсаты**.Өлеңді оқып беру, кілем, алаша туралы түсініктерін кеңейту. Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру. Қазақ халқының өнерін, салт | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Аналарға арналған сыйлықтар»**<br>**Мақсаты:** Аналар мерекесімен таныстыру,бір топтағы заттарды екінші топтағы заттармен салыстыру,пішіндерді ажырату,көлемдерді бақылау<br>**3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: "8 Наурыз - аналар мерекесі"**<br>**Мақсаты**:Мемлекеттік 8 Наурыз мерекесімен таныстыру. Әйел адамдардың мамандықтарын жіктей білуді үйрету. әжесіне, апасына, анасына деген мейірімді қатынасын тәрбиелеу. | 1.**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Бақ-бақ» (сәндік сурет)**<br>**Мақсаты:**Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету.Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекші жоспары бойынша)<br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** «Алаша»<br>**Мақсаты:**балаларға кеңістікті бағдарлай білуге түсінік беру;балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру;жұмысты ұқыпты таза жасауға тәрбиелеу. | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Жайлауға саяхат<br>**Мақсаты:**Туған жердің сұлулығы мен салт дәстірі жайлы түсініктерін қалыптастыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | лақтырған допты қағып алу, өзіне қайта лақтыру, түзу бағытта төрттағандап еңбектеу дағдыларын дамыту. Әдептілікке, сыйластыққа баулу.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Көктем келді»<br>**Мақсаты**.Орында тұрып жіп үстінен секіруді үйрету. Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтеріп, аяқты екпінмен аяқтың ұшына қойып,тепе- теңдік сақтап, кедергілер арқылы аттауды бекіту.  Музыкалық ырғақты қабылдау, көңілді көңіл күй бере білу сезімдерін, мәтін мазмұнына сәйкес қимыл жасау; қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін дамыту. Дене түзілісін (аяқтарын тарсылдатпау, басты төмен түсірмеу) бір – бірімен соқтығыспауын қадағалау. Көктем туралы қысқа әңгімелесу (құстар ұшып келдң; ағаштар гүлдеді; көбелек, құрт-құмырсқар да оянды т.б.). | дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу. | | | |

**Наурыз айы 2-апта**

**Апталық тақырыбы:** «Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»

**Мақсаты:** Балалардың білім-білігін арттыру, салыстыру ажырату, оқу, таладу машықтандыру қалыптастыру, мағынасын түсіне білуді ұғындыру. Қазақ халқының мәдениеті туралы түсінік қалыптастыру

| | | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Салттар мен фольклор(Наурыз)** | **2.апта Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қогнақта** | **1.Дене шынықтыру Тақырыбы**.**«Бауырсақтың бастан кешкендері»**<br>**Мақсаты:**Нұсқаушының белгісі бойынша шашырай жүру мен жүгіруді, бір қатарға тұруды үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; доғаның астымен жүру, бағытын өзгертпей допты бір біріне домалату дағдыларын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру Тақырыбы:«Тақия тастамақ»**<br>**Мақсаты:**Аяқпен алма-кезек жеңіл секіруге үйрету. Еденнен бір аяқпен екпінмен серпіле секіріп, екінші аяққа тұруды бекіту. Табан бұлшықеттерін нығайту, дамыту. Дұрыс жүруді талап ету, дене түзілісін қадағалау. Балалардың берілген белгіге назар аудару. Қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. | **1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әжейге шайға» (ұлттық ыдыс-аяқ, бауырсақтар)**<br>**Мақсаты:**Ұлттық ыдыс-аяқ, бауырсақпен таныстыру, түрлерін атай білуге үйрету, ойын жағдаяттарын көрсету арқылы шай дайындауды түсіндіру (шәйнекке шай салып, су құю)<br>Есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**2. Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері Тақырыбы: «Ғажайып қобдиша»**<br>**Мақсаты:** Әсемдік бұйымдарымен танысуды жалғастыру,2 және 3 затты ажырата білуге уйрету,дөңгелек пішінін бақылау,ұзын-қысқа көлемін ажырату.<br>**2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Киіз үйге саяхат»**<br>**Мақсаты:**Адамдар үйлерде тұратынын, ал ертеде адамның өмір сүретін орны-киіз үйлерде тұрған деп және ондағы заттың бәрі өмір сүруге және адамға ыңғайлы болу үшін жасалған деген –қарапайым түсініктерін қалыптастыру.<br>**3.Құрастыру Тақырыбы:«Құрақ көрпе»(қағаз бөліктерінен құрастыру)**<br>**Мақсаты**:Ұлттық тұтынатын бұйымдар | 1.**Сурет салу. Тақырыбы: «Жолақ кілемше»**<br>**Мақсаты:**Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру.Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | . |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Асықтар»<br>**Мақсаты:**Шеңбер бойымен жүру мен жүгіруді үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; шағын алаңда жүру мен жүгіру кезінде тепе теңдікті сақтау, бір орында тұрып екі аяқтап секіру дағдыларын арттыру | | жайында қарапайым түсінік беру, қиылған қағаздарды түсіне, көлеміне қарай үйлестіре орналастыра алуға дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу | | |

**Наурыз айы 3 апта**

**Апталық тақырыбы :** «Біздің салт-дәстүріміз»

**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен, дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын.

| | | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Салттар мен фольлор (Наурыз айы)** | **3.апта Біздің салт дәстүріміз** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Сандықтағы сыйлық»<br>**Мақсаты:**Балаларға заттар (ойыншықтар) туралы терең түсінік беру. Шағын алаңдап жүру кезінде тепе теңдікті сақтауды үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; жүру мен жүгіруді алмастыру, екі сызықтың арасымен жүру мен жүгіру, алға жылжы отырып, екі аяқтап секір дағдыларын дамыту, қозғалыс дағдыларын жетілдіру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:«Сиқырлы қоржын»**<br>**Мақсаты:**Құм салынған дорбашаны оң және сол қолмен еркін қалыпта алға лақтыруды үйрету. Аяқпен алма-кезек жеңіл секіруге үйрету. Еденнен бір аяқпен екпінмен серпіле секіріп, екінші | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Армысың, Наурыз!» (шығармашылық элементтерімен әңгіме құрастыру)**<br>**Мақсаты:**Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру.Халқымыздың салт-дәстүрлерін әңгімелеп беру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.Мейірімді, қонақжай болуға баулу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Бесік жыры**<br>**Мақсаты:**халық айыз әдебиеті нұсқасымен-бесік жырымен таныстыру,кішіні сыйлауға,қамқор болуға тәрбиелеу,танымдық қызығушылықтарын арттыру. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Жайлауда»**<br>**Мақсаты:** Әр түрлі заттар тобын көлеміне қарай бір-бірінің үстіне қою арқылы салыстыру тәсілдерін пайдалана отырып, әр топтағы заттардың санына(бір–көп), көлеміне (үлкен-кіші)ұзындығына( ұзын,қысқа) биіктігіне(биік-аласа) қарайсалыстыруды үйрету заттарды оң қолмен солдан оңға қарай оңға қарай орналастыруға жаттықтыру (қанша... болса сонша...) «теңдей», «көп-аз» терминдерін пайдалауға дағдыландыру<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: "Наурыз - көктем мерекесі"**<br>**Мақсаты:**Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру. Танымдық қабілеттерін дамыту, қазақ халқының | 1**. Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Әжеге арналған білезік».**<br>**Мақсаты:**Наурыз мереке күні өз әжелеріне құрмет көрсету,өз қолынан сыйлық жасауға дағдыландыру.<br>Әдіс.Ермеказды алақан арасына түзу және айналма қимылдарымен жазып, ойластырып кесекті жалпақтау, біріктіру дағдысын жетілдіру. Балалардың қызығушылық, эстетикалық талғамын қалыптастыру. Қолдың, саусақтың қимыл – қозғалыс үйлесімділігін, ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>**3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Кесе»**<br>**Мақсаты:**Ыдыстардың | **1.Қоршаған орта мен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Наурыз -көктем мерекесі.<br>**Мақсаты:**Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен таныстыру,қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру,танымдық қабілеттерін дамыту,қазақ халқының салт-дәситүрлерімен таныстыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аяққа тұруды бекіту. Табан бұлшықеттерін нығайту, дамыту. Дұрыс жүруді талап ету, дене түзілісін қадағалау. Балалардың берілген белгіге назар аудару, қабылдау, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**3. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Алдар көседе қонақта»<br>**Мақсаты:**Құм салынған дорбашаны бастан асыра екі қолмен алға, жоғары (алысқа) лақтыруды үйрету. Көрнекті бағыт бойынша қатардан шеңбер құрып тұру. Бесік жыры музыкасын ажырата білу. Иық, мойын бұлшықеттерін, қол мен аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту. Отансүйгіштікке тәрбиелеу. | | салт-дәстүрін сыйлауға тәрбиелеу. | (кесе) жалпы көлемі, пішіні, сапасы және неден жасалғаны туралы алған түсініктерін іс-әрекетте көрсету, меңгерген әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып кесені мүсендеуді үйрету.Әдіс: Жалпақтау және ішіне басып енгізу әдісін қолданып, балаларды кесе жасауға тарту | |

**Наурыз айы 4-апта**

**Апталық тақырыбы:** «Нұр төккен,гүл көктем»

**Мақсаты:** Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу.

| **Өтпелі тақырып:Салттар мен фольклор (Наурыз)** | **4.апта Нұр төккен,гүл көктем** | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы «Көктем келді»**<br>**Мақсаты:**Орында тұрып жіп үстінен секіруді үйрету. Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтеріп, аяқты екпінмен аяқтың ұшына қойып,тепе- теңдік сақтап, кедергілер арқылы аттауды бекіту. Музыкалық ырғақты қабылдау, көңілді көңіл күй бере білу сезімдерін, мәтін мазмұнына сәйкес қимыл жасау; қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін дамыту. Дене түзілісін (аяқтарын тарсылдатпау, басты төмен түсірмеу) бір – | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Қонақтарға шай берейік(байланыстырып сөйлеу)<br>**Мақсаты:**Наурыз мейрамында болатын әрекеттерді атай білуге үйрету(з,ж) дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға дағдыландыру.Үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу,ұлттық аслт-дәстүрмен таныстыра отырып,балалардың сөздік қорын молайту.<br>**2. Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерім балаларда қонақта»**<br>**Мақсаты:** Балаларға тілде көп,аз, теңдей, сонша сөздерін пайдаланып,екі заттар тобының арасында теңсіздік пен теңдікті орната білуін үйретуді жалғастыру. Зат есім мен сан есімді біріктіре отырып, заттарды оң қолымен солдан оң жаққа орналастырып, арнайы заттардан топтар құру.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Киіз үйге саяхат»**<br>Адамдар үйлерде | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: «Жолақ кілемше»**<br>**Мақсаты:**Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу сызықтармен әшекейлей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру.Әсемдікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бірімен соқтығыспауын қадағалау. Көктем туралы қысқа әңгімелесу (құстар ұшып келдң; ағаштар гүлдеді; көбелек, құрт-құмырсқар да оянды т.б.).<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Наурыз мерекесі<br>**Мақсаты:**Бір қатармен жүруді үйрету, біріккен қозғалыс әрекетң барысында жолдастарымен жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу, тапсырманы орындау, қолдарын еденге тигізбей құрсау астынан өту, тақтай үстімен жүргенде тепе теңдікті сақтау дағдыларын арттыру.<br>**3.Дене шеныктыру**<br>**Тақырыбы:**.«Көктемгі Серуен»<br>**Мақсаты:**Нұсқаушының белгісімен шашырай жүру мен жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; бір орыннан ұзындыққа секіру, жерге аяқтың ұшымен түсу дағдыларын дамыту. | | тұратынын, ал ертеде адамның өмір сүретін орны-киіз үйлерде тұрған деп және ондағы заттың бәрі өмір сүруге және адамға ыңғайлы болу үшін жасалған деген – қарапайым түсініктерін қалыптастыру.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көбелектерге арналған гүлдер»**<br>**Мақсаты**:Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып гүл жасай білуге үйрету, гүлдерді аялауға, күтіп-баптауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | **3.Музыка**<br>(саз жетекшінің жоспары бойынша) | |

**Сәуір айы 1-апта**

**Апталық тақырыбы:** «Аялайық гүлдерді»

**Мақсаты:** Түстерді ажырата білу, көктем туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру. Әдемілікті сезіне білуге, көктемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету. Табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай Табиғатқа жанашырлықпен қарауға,гүлдердің өміріне қажетті жағдайларды түсіндіру.

| | | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас - 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным -2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық -3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25<br>Жапсыру(0,25) | **Әлеумет -0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Табиғатты қорғап үйренейік (Сәуір айы)** | **1.апта Аялайық гүлдерді.** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Көктем келді»<br>**Мақсаты:** Орында тұрып жіп үстінен секіруді үйрету. Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтеріп, аяқты екпінмен аяқтың ұшына қойып,тепе- теңдік сақтап, кедергілер арқылы аттауды бекіту. Музыкалық ырғақты қабылдау, көңілді көңіл күй бере білу сезімдерін, мәтін мазмұнына сәйкес қимыл жасау; қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін дамыту. Дене түзілісін (аяқтарын тарсылдатпау, басты төмен түсірмеу) бір – бірімен соқтығыспауын қадағалау. Көктем туралы қысқа әңгімелесу (құстар ұшып келдң; ағаштар гүлдеді; көбелек, құрт-құмырсқар да оянды т.б.). | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Көктем келді(сұрақ-жауаптар)**<br>**Мақсаты:**Педагогтің сұрақтарына байланысты жауап қайтаруға (күн жылиды,күн ашық,гүлдер әдемі)сөсз тіркестерін құрастыруға үйрету.Жұмбақтардың мағынасын түсінуге,сурет арқылы шешулерін табуға үйрету(к) дыбысының дұрыс айтылуын бекіту.Табиғаттың құбылыстарын бақылай отырып,сүйіспеншілікке , табиғатты аялауға үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Г.Скребицкийдің «Қызыл қоңыз»әңгімесі**<br>**Мақсаты**.жәндіктерге ,жалпы тірі табиғатқа қиянат жасамай, қамқор болуға үйрету.Табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу,жәндіктерге | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Бәйшешек<br>Мақсаты:(қанша?,неше?,қандай? )деген сұрақтарға жауап беруге,(оң жақта,сол жақта) т.б.кеңістік бағыттарын ажырата білуге үйрету.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: Гүлдер,гүлдер, әсем гүлдер**<br>**Мақсаты:**Балаларды түймедағы гүлімен таныстыру,эстетикалық сезімді тәрбиелеу,қызығушылығын ояту,қоршаған ортаға түсініктерін қалыптастыру. | **1.Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Бақ-бақ» (сәндік сурет)**<br>Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету.Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** «Тышқан іні».<br>**Мақсаты:** жануарлар туралы білімдерін нақтылау; тышқанның мекені туралы түсінік беру; тышқанның дене бөлшектерімен таныстыру; жапсыру реттіліктерін | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Еңбекс үйгіш жәндіктер<br>**Мақсаты:**Жәндіктер туралы білімдерін кеңейту.Олардың тіршілігімен таныстыру.Мейірімділікке тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **2 .Дене шынықтыру Тақырыбы:**«Әжемнің бақшасына» **Мақсаты:**Балалардың көктем мезгілі туралы түсініктерін молайту. Еңбектеу ке тепе- теңдікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл- қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін дамыту. **3.Дене шынықтыру Тақырыбы:**«Гүл тереміз» **Мақсаты:**Саяхат арқылы табиғат әлемінің байлығын меңгерту. Допты қақпа арқылы домалатуды үйрету. Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге; көтеріңкі (зат үстінде) тіреуде статикалық тепе- теңдікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту. Берілген белгіге көңіл аудару, қимыл- қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу. | деген қызығушылықтарын арттыру. | | қалыптастыру; жапсыруды талғаммен орындай білуге тәрбиелеу. | |

**Сәуір айы 2 апта**

**Апталық тақырыбы:Шөпте не жорғалайды» (жәндіктер)**

**Мақсаты:** Балаларға жәндіктер түрлерімен таныстыру оларды қорғап қамқор болуға баулу. Жәндіктер, олардың пайдасы туралы мәлімет беру.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2-апта Шөпте не жорғалайды(жәндіктер)** | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>жапсыру(0,25) | **Әлеумет0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Көңілді құмырсқалар»<br>**Мақсаты:** Қосымша тапсырмалар орындап жүгіру, қуыншылардан жалтара қашуға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес таныс би қимылын орындау; шығармашылық қабілеттерін дамыту; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Епті бақалар»<br>**Мақсаты:**Шашырай жүру мен жүгіруді үйретуді жалғастыру; өз денсаулығын күте білуге тәрбиелеу; секірген соң жерге аяқты сәл бүгіп түсу, допты заттың айналасынан домалату дағдыларын дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Не екенін тап» (көбелек, құмырсқа)**<br>**Мақсаты:**алалардың жәндіктер туралы түсінігін анықтау және кеңейту.Ерекшеліктері мен ұқсастықтарын табуға, жалпы қасиеттері бойынша топтауға үйрету.Балалардың жәндіктерге қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Биік-аласа.Сол жақта-оң жақта<br>**Мақсаты:**суретте және кеңестікте заттардың орналасу бағытын ажырату мен атап көрсету(биік-аласа)<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Құмырсқаға көмектесеміз»**<br>Жәндіктер( құмырсқа)туралы түсінік беру,ерекшелігін сипаттау(тіршілігі, немен қоріктенуі, сырты түрі, қозғалысы, дыбысталуы, мекендейтін ортасы).Күн жылына бастағанда табиғатта өзерістер болатыны туралы еске түсіру.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Бұзаулар мен боталарға арналған қоршаулар»**<br>**Мақсаты**:Құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыруға және оның көлеміне, пішініне, түсіне қарай қоршаулар жасай алуға дағдыландыру.Үй жануарлары туралы | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:«Көбелекті әсемдейміз»**<br>(дақтар салу)<br>**Мақсаты:**Балаларды дақ бейнеленген қағазды бүктеу арқылы және көбелектің жетпей тұрған бөлшектерін (бас, мұрт) суретін салып бітіруге үйрету.<br><br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшінің жоспары бойынша)<br><br>**3 .Музыка**<br>(саз жетекшінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тақырыбы**«Көбелектер» **Мақсаты:**Қосымша тапсырмалар орындап жүгіру, қуғыншылардан жалтара қашуға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес таныс би қимылын орындау; шығармашылық қабілеттерін дамыту; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту. | | қарапайым түсініктер беру және оларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу | | |

**Сәуір айы 3 апта**

**Апталық тақырыбы :** Жайлауға қонаққа барамыз.Жануарларға қамқорлық

**Мақсаты:** Жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу**.**

| | | **Денсаулық-3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас-2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным-2,5**<br>Математика негіздері1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық-3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет-0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Табиғатты қорғап үйренейік (Сәуір айы)** | **3.апта Жайлауға қонаққа барамыз.Жануарларға қамқорлық** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Аттар»<br>**Мақсаты:**Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Шектелген алаң үстімен денені түзу ұстап, тепе-теңдік сақтап жүруді пысықтау. Алға қарай жылжи отырып қос аяқпен жеңіл секіру, белгі бойынша тоқтауды үйрету. Музыка ырғағына сәйкес жүру, шығармашылық қабілетін, табан бұлшықеттерін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Үй жануарларына қонаққа»<br>**Мақсаты:**Саяхат арқылы үй жануарларын терең меңгерту. Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуға, қос аяқтап алға жеңіл жылжи секіруге жаттықтыру.<br>Көзмөлшерін дамыту | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Жайлауда не жоқ?» (үй жануарлары)**<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру.Жайлау туралы түсінік беру.Жайлау жазда жайлайтын орын екенін түсіндіру.Табиғатқа қамқор болуға баулу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Р.Кунақова «Көктем» (жаттау)**<br>**Мақсаты:**Табиғатты бақылап, өзгерістерін таба білуге үйрету; көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; Есте сақтау, жаттау қабілеттерін арттыру; туған жердің табиғатын қадірлеуге тәрбиелеу. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Төлдер»**<br>**Мақсаты**:Сол жақта-оң жақта кеңістік түсініктерін қалыптастыру, өзінің тікелей бағыттағы кеңістікті ажырата білуге үйрету. Саны жағынан әркелкі заттарды салыстыруды;<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Үй жануарларына қамқорлық жасаймыз»<br>**Мақсаты:**үйжануарларымен таныстыру.Үй жануарларының адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру.Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. | 1.**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Жануарларға арналған шөп»**<br>**Мақсаты.**Балалардың шөп туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы шөптің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшіснің жоспары бойынша)<br>**3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:«**Гүлзарға арналған таяқша».<br>**Мақсаты**:Бейнелеу өнерінің қарапайым дағдыларын меңгеруге ынталандыру. Қазақстанның өнер шеберлерінің туындыларымен таныстыру. Әдіс: Ермексазды алақанның арасында түзу қимылдармен жазу | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**Күн сәулесі<br>**Мақсаты:**Айнаны күн сәулелерімен шағылыстырып ойнайтын ойын туралы әңгімелеу.Күн сәулесіінің барлығының жылытатынын білуі,тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, сабақты талдай білуді үйрету |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және табан бұлшықеттерін нығайту.<br>**3.Дене шынықтыру Тақырыбы**<br>«Түйемен ауылға барамыз»<br>**Мақсаты:**Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Бір- біріне 15 см қашықтықта қойылған кірпіштер үстінен (шектелген алаңда)тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету. Көрнекті бағыт бойынша қатардан шеңбер құрып тұру. Бесік жыры музыкасын ажырата білу. Иық, мойын бұлшықеттерін, қол мен аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту. | | | | |

**Сәуір айы 4 апта**

**Апталық тақырыбы: «Табиғатты аялайық»**

**Мақсаты:** Табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру,табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Табиғатты қорғап үйренейік  (сәуір айы)** | **4.апта  Табиғатты аялайық** | **Денсаулық  3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы.**«Көктемгі Серуен»<br>**Мақсаты:**Нұсқаушының белгісімен шашырай жүру мен жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; бір орыннан ұзындыққа секіру, жерге  аяқтың  ұшымен түсу дағдыларын дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Күн, ауа, су-бізідің жақын достарымыз»<br>**Мақсаты:**Музыка ырғағына сәйкес өзіндік қимыл бере білуге талпындыру. Қимыл кезінде қол мен аяқты үйлесімді қимылдату; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**«Орман соқпағымен»<br>**Мақсаты:**Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік беру. Шеңбер құру, шеңбер бойы жүру және жүгіруге жаттықтыру. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Бізге көктем келді»**<br>**Мақсаты:**Педагогтің сұрақтарына байланысты жауаптар қайтаруға (қар ериді, күн жылынады, құстар ұшып келеді), сөз тіркестерін құрастыруға (күн ашық, гүлдер әдемі) үйрету.Жұмбақтардың мағынасын түсінуге, сурет арқылы шешулерін табуға үйрету, «к» дыбысының дұрыс айтылуын бекіту.<br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Бір»және «көп»ұғымы<br>**Мақсаты:**  «бәр» және «көп»ұғымдарын қолдана отырып,түрлі түсті жолақшаларға берілген заттарды  орналастыруға жаттықтыру.Оң,сол қолдарын ажыратып, атап айтуға ,заттарды оң қолымен алып,сол жақтан бастап қоюға үйрету.<br>**2.Құрастыру**<br>Тақырыбы: «Достық үйі»<br>Мақсаты:Балаларға үйдің құрылыстары туралы (шатыры, қабырғалары, есігі, терезесі) түсініктерін қалыптастыру.Табиғат құбылыстарына танымдыққызығушылықтарын дамыту<br>**3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Күн сәулесі»**<br>**Мақсаты:**Күн сәулесінің жылуының пайдасы туралы түсінік беру.Педагогтің сұрақтарына жауап беріп, | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: «**Күн жарқырап  шөп өсті»<br>**Мақсаты:**Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктіліктерін бекіту.Ұқыптылыққа әдемілікке тәрбиелеу.<br><br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылды жай, шапшаң, ырғақты орындау қабілетін дамыту. | | сабақты талдай білуді үйрету.Табиғатты қадірлеуге баулу. | | |

**Мамыр айы 1 апта**

**Апталық тақырыбы:** «Достық біздің тірегіміз»

**Мақсаты:** Достық туралы өзге халықтардың мәдениеті туралы түсінік беру

| | | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері(1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Әрқашан күн сөнбесін (мамыр айы)** | **1.апта Достық біздің тегіміз** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Достық шеңбері»<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық қабырғаның екінші көлденең салмасына бекітілген көлбеу тақтай бойымен еңбектеуді үйрету. Нұсқаушының лақтырған добын қағып алу және кері лақтыруды және допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауын, қол басының икемділігін дамыту. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілікке баулу.<br>**2 .Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Көңілді сайқымазақ»<br>**Мақсаты:** Балаларға нұсқаушының белгісіне тоқтай отырып, жүру мен жүгіруді үйрету; бір біріне көмектесуге, мейірімділікке тәрбиелеу; қолдарын еденге тигізбей арқан астынан өту, тақтай үстімен жүргенде денелерін түзу ұстау дағдыларын дамыту. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Тату боламыз<br>**Мақсаты:**Қазақ және орыс ұлтымен таныстыру,байланыстыра сөйлеуге үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту;ынтымақтыұққа тәрбиелеу;ұлттар достығын түсіндіру,тақпақтың мағынасын түсіндіріп,жатқа айтуға үйрету,қазақ тіліне тән «ә»дыбысын «ң»дыбыстарының дыбысталуын игеруге дағдыландыру.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Ю.Тувим «Бәріміз үшін бәрі де» мәнерлеп оқу.<br>**Мақсаты:**Құрдастарымен қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттестік ережелерін сақтауға үйрету, келіспеушілікті шешудің тәсілдерін таба білу қабілетін қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы**: Біздің достығымыз<br>**Мақсаты:** қанша-сонша ұғымын ажырату,төртбұрыш,үшбұрыш пішіндерін бақылау,ішінде-сыртында кеңестігін ажырату,көлемдерін бақылау<br>**3.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Ақпыз, қара, сарымыз ағайынбыз бәріміз»**<br>**Мақсаты:**Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру, топтағы балаларды атымен атауды үйрету, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту, адамдармен қарым-қатынасқа түсу арқылы өзін тұлға ретінде жүзеге асыру. | 1.**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Бақ-бақ» (сәндік сурет)**<br>**Мақсаты**:Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, көктемде өсетін бақбақтың бейнесін салуды үйрету.Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшиінің жоспары бойынша)<br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Мерекелік жалауша»**<br>**Мақсаты**: балаларға екі бөлшектен тұратын затты-мерекелік жалаушаны желімдеуді үйрету.Көзбен өлшерлеуді қағаз парағы үстінде бағдарлай білуді,қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.Геометриялық фигура –шаршыны тани білуді ,<br>көгілдір,қызыл,жасыл,қо | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:**Күн сәулесі<br>**Мақсаты:**Айнаны күн сәулелерімен шағылыстырып ойнайтын ойын туралы әңгімелеу.Күн сәулесіінің барлығының жылытатынын білуі,тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, сабақты талдай білуді үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **3.Дене шынықтру**<br>**Тақырыбы:**«Бәріміз біріміз үшін»<br>**Мақсаты:** Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді бекіту. Музыка ырғағына сәйкес жануарлардың жүрісін бейнелей жүруге талпындыру. Иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене түзілісін қадағалау. | | | ңыр түстерді ажырата алуды бекіту. | |

**Мамыр айы 2- апта**

**Апталық тақырыбы:** «Ойнаймыз,танимыз,зерттейміз»

**Мақсаты:**Балаларды ойын арқылы бір-бірімен қарым –қатынас жасай білуге,достыққа тәрбиелеу.

| **Өтпелі тақырып:Әрқашан күн сөнбесін( мамыр айы)** | **2-апта Ойнаймыз,танимыз ,зерттейміз)** | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Достық шеңбері»<br>**Мақсаты:** Гимнастикалық қабырғаның екінші көлденең салмасына бекітілген көлбеу тақтай бойымен еңбектеуді үйрету. Нұсқаушының лақтырған добын қағып алу және кері лақтыруды және допты саусақтарды еркін ұстап, алақанмен қағып алуын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауын, қол басының икемділігін дамыту. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілікке баулу.<br>**2.Дене шынықтыыру.**<br>**Тақырыбы**«Ауладағы ойындар»<br>**Мақсаты:** Тереңдікке секіруге үйрету. Орындықтан секірген кезде алға қарап, бас пен денені түзу ұстап, аяқты сәл бүгіп, табанды жазып, жерге жеңіл | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Ойыншықтар достығы<br>**Мақсаты:**Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа сюжеттік әңгіме құрастыруды үйретуді жалғастыру.(қ)дыбысының дұрыс айтылуын бекіту.Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы**:Шаршы,шеңбер,үшбұрыш<br>Мақсаты:балаларға геометриялық фтгуралар туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Алғашқы көмек»**<br>Адамның жүріс-тұрыс ерекшеліктерін бағалауға үйренуді жалғастыру, өзге адамға мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.<br>**3.Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Қақпа құрастыру» (машина өтетін қақпа)<br>Қарапайым құрастыру дағдыларын қалыптастыра отырып, қақпа құрастыруға үйрету, бір-біріне көмектесіп, жұмыстарын ұқыпты аяқтай білуге дағдыландыру.Жұмыстарына қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу. | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Мерекелік отшашу.<br>**Мақсаты:** Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру.Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру.Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету.Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетешісінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қону; шеңбер құру; бір-біріне кедергі жасамай, алға- артқа жылжи білу қабілеттерін бекіту. Музыкаға сәйкес затпен (таспа) қимыл жасауға талпындыру.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**«Төмпешіктен- төмпешікк<br>**Мақсаты:** Қосымша тапсырмалар орындап жүгіру, қуғыншылардан жалтара қашуға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес таныс би қимылын орындау; шығармашылық қабілеттерін дамыту; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту.е» | | | | |

**Мамыр айы 3 апта**

**Апталық тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»**

**Мақсаты:**Жол жүру ережесі туралы түсінік беру.Жолдағы және үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау түсінігін қалыптастыру

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Әрқа** | **3.апта** | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>(Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Бағдаршам »<br>**Мақсаты:** Бір қатармен жүруді үйрету, біріккен қозғалыс әрекетң барысында жолдастарымен жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу, тапсырманы орындау, қолдарын еденге тигізбей құрсау астынан өту, тақтай үстімен жүргенде тепе теңдікті сақтау дағдыларын арттыру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Біз жаяу жүргіншілер-міз»<br>**Мақсаты:** «Аттардың» қимылын бейнелей, қолды еркін қалыпта ұстап жай, шапшаң қарқынмен жүру, жүгіру; өздігінен қосарланып шеңбер құрып түру, қол ұстасып, шеңберді тарылтпай жүру; бір-біріне соғылмай, тез тоқтауға жаттықтыру. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре тура шоқырақтап шабу. Допты көлденең нысанаға кеуде тұсынан екі қолмен лақтыруды үйрету. Берілген белгіге назар аудару, музыка ырғағына сәйкес алақан шапалақтау, екі аяқпен | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Бағдаршам-біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:**Балаларды бағдаршаммен, жолда жүру ережелерімен таныстыруды жалғастыру, жолда қауіпсіз жүру дағдыларын дамыту.Торап, жүргінші жол, тротуар, жаяу жүрушілерге арналған өтулер, жол белгілері, бағдаршам түсініктерін бекіту.Жаяу жүргіншінің өзін-өзі ұстау мәдениетін тәрбиелеу.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** А.Құнанбаев «Жаз» жаттау<br>**Мақсаты:**Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы мағлұмат бере отырып, сөздік қорларын молайу; Сөйлеу барысында ойларын дұрыс айтуға үйрету; Өлеңді дұрыс түсініп, тыңдауға тәрбиелеу. | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Көше тәртібі»<br>**Мақсаты:** Көше тәртібімен таныстыра отырып көп-аз ұғымын ажырату,көлемдерін бақылау,оң-сол кеңестігін ажырату қалпытастыру<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Серуен бізге не үшін қажет?»<br>**Мақсаты:**Балаларға серуенге шығар алдында өмір қауіпсіздік ережелерін еске түсіру. Серуендеуде мінез-құлық қауіпсіздік негіздерімен таныстыру (ересектерден алыстап кетпеуге, ересектердің рұқсатынсыз өткір, белгісіз, заттарды қолдануға, отпен ойнамау басқада өзінің денсаулығына зиян келтіретін қауіпсіздік ережелерін сақтау | 1**. Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>"Бағдаршам"<br>**Мақсаты:**Балаларды дөңгелек пішінді салуға жаттықтыру. Өзері салған дөңгелектерді қылқаламмен қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**: Гүл күтуге арналған күрек<br>**Мақсаты:**Домалатылған пішінді жалпақтау тәсілі арқылы күректің басын жасап және есу тәсілі арқылы сабағын мүсіндеуді үйрету.<br>**3.Музыка**<br>(Саз жетекшісінің жоспары бойынша | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы**.Гүл отырғызу.<br>**Мақсаты** . Гүлдің өсу ретін үйрету.Ұжыммен еңбек етуге тәрбиелеу.Ойлау қабілетттерін арттыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бір мезгілде кезек- кезек тарсылдату, қимылды әсерленушілікпен орындау.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Түрлі- түсті автомобиль-дер»<br>**Мақсаты:**«Аттардың» қимылын бейнелей, қолды еркін қалыпта ұстап жай, шапшаң қарқынмен жүру, жүгіру; өздігінен қосарланып шеңбер құрып тұру, қол ұстасып, шеңберді тарылтпай жүру; бір-біріне соғылмай, тез тоқтауға жаттықтыру. Қол мен аяқ  қимылын үйлестіре тура шоқырақтап шабу. Допты көлденең нысанаға кеуде тұсынан екі қолмен лақтыруды үйрету. Берілген белгіге назар аудару, музыка ырғағына сәйкес алақан шапалақтау, екі аяқпен бір мезгілде кезек- кезек тарсылдату, қимылды әсерленушілікпен орындау; шыдамдылық пен көзмөлшерді дамыту. | | | | |

**Мамыр айы 4 апта**

**Апталық тақырыбы:** «Көңілді жаз»

**Мақсаты:**Жазғы табиғат ерекшелігін бақылауға,өзгерістерін сипаттауға үйрету**.**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып:Әрқашан күн сөнбесін (Мамыр айы)** | **4.апта Көңілді жаз** | **Денсаулық 3**<br>Дене шынықтыру(3сағат) | **Қатынас 2**<br>(Сөйлеуді дамыту(1 )<br>Көркем әдебиет(0,5)<br>Орыс тілі(0,5) | **Таным 2,5**<br>Математика негіздері (1с.)<br>Жаратылыстану(1с.)<br>Құрастыру(0,5) | **Шығармашылық 3**<br>Сурет салу(1с.)<br>Музыка(1,5)<br>Мүсіндеу (0,25)<br>Жапсыру (0,25) | **Әлеумет 0,5**<br>Қоршаған ортамен танысу(0,25)<br>) |
| | | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Жаз мезгілі де келді»<br>**Мақсаты:** Музыка ырғағына сәйкес өзіндік қимыл бере білуге талпындыру. Қимыл кезінде қол мен аяқты үйлесімді қимылдату; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту.<br>**2. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Серуен»<br>**Мақсаты:** Нұсқаушының белгісімен шашырай жүру мен жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; бір орыннан ұзындыққа секіру, жерге аяқтың ұшымен түсу дағдыларын дамыту.<br>**3 Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Көңілді жаз»<br>**Мақсаты:** Қосымша тапсырмалар орындап жүгіру, қуыншылардан жалтара қашуға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Жаз» (сурет бойынша әңгімелеу)<br>**Мақсаты:**Балалардың жаз айының қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту.Табиғатта, ауа-райында, өсемдік әлемінде, адамдардың киімінде қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету.Қоршаған әлемнің сұлулығы мен оған қамқорлық қарым-қатынаспен байланысты эстетикалық қабылдауды, әсерленушілікті тәрбиелеу.<br><br>**2.Орыс тілі**<br>(Пән мұғалімінің жоспары бойынша) | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Жазғы аланда»<br>**Мақсаты:** топ заттардан жеке зат шығару.үлкен-кіші көлемін бақылау.<br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Жайдарлы жаз»<br>**Мақсаты:**Жаз мезгілінің сипаттық белгілері туралы балалардың түсініктерін жүйелендіру, белгілерін еркін таба білуге үйрету, табиғатқа, оның құбылыстарына деген жақсы көзқарасты тәрбиелеу.<br>**3.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы. «**Өзен үстіндегі көпір.» «құрлыс материалдарынан»<br>**Мақсаты.**Ұжымдық әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.Үлгіге бойынша көпір құрастыру. | 1.**Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** «Алақай, жаз келді!»<br>**Мақсаты:**Балалардың жазғы табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Жаздың бейнесін сюжетті сурет салу барысында гүлдерді, шөптерді қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету.Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.<br>**2.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша)<br>**3.Музыка**<br>(саз жетекшісінің жоспары бойынша) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | таныс би қимылын орындау; шығармашылық қабілеттерін дамыту; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту. | | | | |